



ONOMASTIKALYQ
HABARSHY

№2 (41)
2021

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Республикалық ономастика комиссиясының бюллетені

ONOMASTIKALYQ
HABARSHY

№2 (41) 2021

Бас редактор
А. Құдабаева

Жауапты редактор
С. Жайлау

*ҚР Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2004 жылғы 11 тамызда
№5336 – қуәлігі берілген*

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Мәдениет комитеті

Редакциялық алқаның төрағасы:

А. Райымқұлова

Редакциялық алқа:

Н. Дәуешов
М. Бақтиярұлы
М. Құлшар
А. Абдуалиев
Қ. Бекмұқашев
Д. Өтеғалиев
С. Есіркеп
З. Қабылдинов
М. Тоғыс
С. Иманбердиева
Ж. Ағабекова
Н. Уәли
С. Негимов
А. Жартыбаев
Д. Қыдырәлі
Д. Кәпұлы

*ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі
Н. Дәуешовтің Жамбыл облысы
Тараз қаласында өткен «Ұлттық ономастика:
Ізденіс пен тәжірибе» атты
республикалық семинарда сөйлеген сөзі*

Қайырлы күн, Құрметті жиынға қатысушылар!

Бүгін міне нағыз қазақтың тарихи келбеті қалыптасқан киелі де, қасиетті өңір Жамбыл облысы Тараз қаласында «**Ұлттық ономастика: Ізденіс пен тәжірибе**» атты республикалық семинарға жиналып отырмыз.

Шараға Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының мүшелері, жергілікті атқарушы органдардағы ономастика саласымен айналысатын басқарма басшылары, белгілі ғалымдар, Жамбыл облысының барлық аудан әкімдерінің орынбасарлары, облыс бойынша мемлекеттік архив басшылары қатысып отыр.

Шараны бастауға рұқсат етіңіздер.

Ең біріншіден, баршаңызды Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы және жыр алыбы Жамбыл бабамыздың 175 жылдық мерейтойымен құттықтауға рұқсат етіңіздер! Бұл қасиетті топырақ тек Жамбыл бабамызбен ғана емес, әйгілі Төле би, Балуан шолақ, Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза секілді ұлы тұлғаларымен ерекшеленеді.

Тарихы ескі замандардан бастау алатын, Ұлы «Жібек жолы» бойында қалыптасқан қалалық өркениеттің ажырамас бөлігінің бірі – Тараз қаласы қасиетті Қарахан, Айша бибі күмбездері секілді ескерткіштерімен, көне құрылыстарымен танымал.

Бүгінгі күні Жамбыл облысының еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде мәдениетіміздің өркендеуінде орны бөлек. Егемендіктің 30 жылдық белесіне шыққан еліміздің ұлттық кодын сақталуына, оның ішінде ономастика саласының тиісті деңгейде жүргізу бағытында Жамбыл өңірі бірқатар жұмыстар атқарып келеді.

Атап айтқанда соңғы 2-3 жылда Тараз қалалық мәдениет үйіне Ықылас Дүкенұлының, Жамбыл облыстық филармониясына Кенен Әзірбаевтың, Тараз қаласындағы № 10 орта мектебіне Сағадат Нұрмағамбетовтің, Руханият және тарихтану орталығына Шерхан Мұртазаның, Жамбыл облыстық қазақ драма театрына Асқар Тоқпановтың және т.б. тұлғалардың есімдері берілді. Сондай-ақ ү.ж. Тараз қаласының бірқатар құрамдас бөліктеріне **Бәйтерек, Ұлы Дала, Әулие-Ата, Ақшан Машани, Қайду хан, Роза Жаманова, Есет батыр, Кенесары хан, Шалкиіз жырау, Ақтамберді жырау, Жиёмбет жырау, Сыпыра жырау, Қожаберген жырау, Жалаңтөс**

батыр, Әлихан Бөкейхан, Ескелді батыр, Мөңке би, Жамбыл облыстық «Баспасөз үйіне **Шерхан Мұртазаның** және т.б тұлғалардың есімдерін беру туралы ұсыныстарына Республикалық комиссияның оң қорытындысы берілді.

Өздеріңізге белгілі, ономастика саласы қоғамдық маңызға ие **саяси** мәселе.

Сонымен бірге қазіргі таңда ономастика саласы көптілді, көпұлтты елімізде үлкен саяси-әлеуметтік, мәдени маңызға ие болып отыр.

Оның мазмұны этноспен, қоғамдық өмірмен және **мәдениетпен** де тікелей байланысты.

Әрбір атау - тарихи құжат. Ономастикалық атаулар - ұлттың рухани жадын көрсететін **мәдени құндылық.**

Еліміздегі атаулардың барлығы – біздің **мәдени құндылықтарымыздың** бірі болып табылады.

Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның дамуы, ұлттық және елдік құндылықтарды қалыптастыру – ономастика саласымен де тікелей байланысты екендігі белгілі. Бұл бағытта ширек ғасырдай уақыт мақсатты жұмыстар атқарылғаны да мәлім, дегенмен әлі де атқарылар шаруалар жетерлік.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ӨЗГЕРТІЛГЕН ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАР САНЫ

• **ЕЛДІ МЕКЕН** **3000-ға жуық**

• **КӨШЕЛЕР** **24 000-нан аса**






• **СТАНСАЛАР** **150-ден аса**

Біріншіден, еліміздегі жер-су аттарына өзінің тарихи атауларын беру мәселесі жүйелі және үнемі жүргізілуі тиіс. Бұл ретте көптеген қалаларға, аудандарға, елді мекендерге тарихи атаулары қайтарылды. Мәселен, Елімізде Тәуелсіздік жылдардан бері Республикалық ономастика комиссиясы шешімдерінің негізінде Үкімет қаулыларымен 90-ға жуық қала мен аудан атауы (*Мұғалжар, Атырау, Құрманғазы, Ақтау, Ақжайық, Сырым, Байзақ,*

Абай, Жітіқара, Сарыкөл, Сырдария, Қазығұрт, Ордабасы, Ақкөл, Аршалы, Бұланды, Егіндікөл, Жарқайың және т.б.) **3000 мыңға** жуық елді мекен және **24 мыңнан** аса көшелер мен даңғылдар, **150-ден** аса станса атауларының транскрипциясы өзгертілді.

РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ӨЗГЕРТІЛГЕН АТАУЛАР САНЫ

2017-2018 жылдары:

-  Түркістан облысы бойынша жаңадан аудандар құрылып, **Мақтаарал, Сарыағаш, Келес** атаулары берілді;
-  Павлодар облысының **Лебяжі, Качири аудандары – Аққулы, Тереңкөл** болып өзгертілді;
-  Шығыс Қазақстан облысының **Зырян ауданы мен Зырян қаласы – Алтай** болып өзгертілді;
-  Батыс Қазақстан облысының **Зеленов ауданы – Бәйтерек ауданы** болып өзгертілді;
-  Қостанай облысының **Таран ауданы – Бейімбет Майлин, Затобольск кенті – Тобыл** қаласы болып өзгертілді;

Сондай-ақ 2017-2018 жылдары Түркістан облысы бойынша жаңадан аудандар құрылып, **Мақтаарал, Сарыағаш, Келес** атаулары берілді. Павлодар облысының **Лебяжі, Качири аудандары Аққулы, Тереңкөл, Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданы мен Зырян қаласы - Алтай, Батыс Қазақстан облысының Зеленов ауданы Бәйтерек, Қостанай облысының Таран ауданы Бейімбет Майлин, Затобольск кенті Тобыл** қаласы болып өзгертілді.

Дегенмен, еліміздің бірқатар облыстарында кеңестік саясаттан қалған атаулар әлі де жүздеп саналады. Мұндай атаулар көбіне солтүстік өңірлерде кездеседі. Мәселен, Алексеевка, Николаевка, Антоновка, Коммунистическая, Пролетарская, Пятилетка, Семилетка, 25 лет Октября, 40 лет Октября, 50 лет Октября, 60 лет Октября, Буденновка, Комсомольская, Пионерская, Целинная т.с.с. атаулар еліміздің барлық облыстарынан дерлік ұшырасады.

Сондай-ақ Жамбыл облысын алатын болсақ Қордай ауданында әлі күнге дейін Степной, Береговая, Молодежная, Бригада, Юбилейная, Победа, Заводская, **Жамбыл, Меркі, Рысқұлов** аудандарында Гродиково, Гранитогорск, **Каменка**, Родниковая, Заречная сынды атаулар кездеседі.

Осындай **идеологиялық тұрғыдан ескірген** атаулардың әлі күнге дейін

өзгертілмеуі ономастикалық жұмыстарды қарқынды етуді бәрімізден талап етеді. Әлбетте, біз ономастикалық атауларды өзгерту мен қайта атау барысында сарабдалдық танытуымыз қажет. Кейбір атаулар қазіргі кезеңде, енді кейбіреулері таяу болашақта өзгертіледі. **Бәрін бір күнде бір қаулымен өзгертіп тастау мүмкін емес.** Әр нәрсе өз кезегінде, өз уақытында. Кей жағдайда әрбір өңірге тән тарихи мезеттерді, сол өңірдің демографиялық ахуалды да ескеріп тұрмаса болмайды. **Біз көпұлтты мемлекетпіз, сол үшін аса қымбат болып саналатын еліміздегі ұлтаралық келісім мен татулығымызды естен шығармауымыз тиіс.**

Екіншіден, Халықпен санасу, көпшіліктің пікірін ескеру бойынша аудан, облыс деңгейінде жүйелі жұмыстар жасалуы керек. Ономастикалық атау беру бүгіннің ғана шаруасы емес. Сол атауларды көшелерге, нысандарға беру арқылы еліміздің, халқымыздың тарихы мен мәдениетіне, көрнекті тұлғаларға зор құрмет көрсетіледі.

Сол себепті әр атау ономастикаға қатысты заңнамалық құжаттарға сәйкес, ең бастысы біздің **мемлекеттілігіміздің мүддесіне сәйкес** әбден саралануы қажет деп санаймыз.

Бүгінгі таңда ономастика саласындағы нормативтік құқықтық база реттелген:

- **атау беру және қайта атау** кезінде басшылыққа алу үшін ономастика жұмыстарының нақты **критерийлері** заңмен белгіленген;
- облыстық әкімдіктердің жанынан облыстық ономастика комиссиясы құрылған;
- Үкімет жанынан Республикалық ономастика комиссиясын құрылған;
- Республикалық, облыстық ономастика комиссияларының құзыреттіліктері белгіленіп, жергілікті әкімдіктер жанынан атау беруде түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында **жұмыс топтары** құрылған.

Бүгінгі таңда Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ономастикалық атауларды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес өңірлерде кездесетін **идеологиялық тұрғыдан ескірген және қайталанатын атауларды** тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ келер ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, жалпыға ортақ тарихи сана қалыптастыру негізінде еліміздің белгілі тарихи тұлғаларымыздың есімдерін беру мәселесі де қарастырылған.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНОМАСТИКА КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

1051

ҰСЫНЫС ҚАРАЛДЫ



183 ОБЪЕКТ



1 АУДАН



867 ҚҰРАМДАС БӨЛІК

Аталған тапсырмаға сәйкес Министрлік жергілікті әкімдіктермен бірлесіп бірқатар жұмыстар атқарылды. Әкімдіктердің ұсыныстары негізінде ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 7 отырысын өткізді. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде барлығы 1051 ұсыныс қаралды. Оның ішінде 183 объект, 1 аудан, 867 құрамдас бөліктер (көше, даңғыл) қаралып, Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижесінде бірқатар ұсыныстарға оң қорытынды берілді. Комиссия қорытындылары заңнамаға сәйкес жұмыстар жүргізу үшін тиісті мемлекеттік органдарға жолданды.

Аталған тапсырмаға сәйкес барлық жергілікті атқарушы органдар тиісті жұмыстар атқарып келеді. Оның ішінде Ақмола, Алматы, Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстары әкімдіктері белсенді нәтижелі жұмыстар жүргізуде. Ал өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар және т.б. облыстардың жұмыстары бәсеңдеу деп айтуға болады. Әрине, ол жердің жергілікті тұрғындарының басым көпшілігі өзге ұлт өкілдері болғандықтан біршама қиыншылықтар тудырып отырады. Дегенмен, зиялы қауым өкілдерін, белгілі тарихшылар, өлкетанушылар мен БАҚ өкілдерін тарта отырып, сондай-ақ жергілікті әкімдіктердің жанынан құрылған жұмыс топтары арқылы **түсіндіру жұмыстарын** жүргізу басты бақылауда болу керек. Мәселен, Ақмола облысы бүгінгі күні жақсы жобаны қолға алып, Фейзбук желілерінде насихат жұмыстарын жүргізіп келеді. Елді мекендерді, көшелерді ауыстыру туралы емес, сол өңірдің идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларының өзінің байырғы тарихи атауының болғаны, қай кезде ауыстырылғаны және т.б. мәліметтер жарияланып отырады. Сондай-ақ Қарағанды облысы әкімдігі де көшелер мен даңғылдарға атау беру және қайта атау барысында кемінде жарты жыл бұрын алдын ала жоспар әзірлеп, сол жердегі зиялы қауым өкілдерін, белгілі блогерлерді тарта отырып халыққа

түсіндіру жұмыстар жүргізіп отырады. Оған дәлел өткен жылы Қарағанды қаласындағы **Ленин көшесін Абай** көшесі, ү.ж. **Октябрь ауданын Әлихан Бөкейхан** ауданы деп өзгерту кезінде түсіндіру жұмыстарының алдын ала жүргізілуі нәтижесінде халықтың пікірін ескеру барысында ешқандай дау-дамайсыз, бірауыздан оң шешімге ие болды. Осындай жобаларды басқа өңірлер де тәжірибе алмасып отырса деген ұсынысымыз бар. Осы сынды түсіндіру жұмыстары барлық өңірлерде жүргізіліп отырса, ономастикалық атауларды өзгерту кезінде қиыншылықтар туғызбайды деп ойлаймыз.

Сонымен бірге ҚР Президенті Әкімшілігі тарапынан ү.ж. 23 сәуірде Ішкі саясаттың кейбір мәселелері туралы кеңес өткен болатын. Аталған кеңесте ономастика мәселесі де қаралып, хаттамалық тапсырмаға сәйкес Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп бірқатар жұмыстар атқарды.

Бүгінгі Ономастика саласындағы ауқымды, әрі маңызды іс-шараны өткізуге көрсетіп жатқан қолдаулары үшін **Жамбыл облысының әкіміне** өз алғысымды білдіремін.

ТОРҒАЙ ӨҢІРІНІҢ ГИДРОНИМДЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қуат Сапаров

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
география ғылымдарының докторы, профессор*

Ақерке Нұрпейісова

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КЕАҚ
аға оқытушы*

Ресей патшалығы қазақ даласын отарлауды басты мақсат еткені тарихи деректерден аңғаруға болады. Әскери отарлаушылар қазақ жерін үлкен үш бөлікке бөлді: Шығыс, Орта және Батыс Торғай даласы осы үш бөліктің шығысына қарады. 1868 жылы патша әкімшілігінің шешімімен қазіргі Арқалық қаласынан 289 шақырым қашықтықта Торғай бекінісі құрылды. Ресей отарлаушылары көздеген мақсатына жету үшін қазақ даласына басқару жүйесін күн сайын өзгерістер енгізуге тырысты. 1868 жылы 21 қазанда Орынбор даласындағы және Сібір ведомствасына қарайтын қазақтарды қиындықтан құтқару үшін деген сылтаумен жаңа Ереже шығарады. Ереже бойынша Торғай, Орал, Ақмола облыстары құрылды. Бұрынғы Орынбор облыстық басқарамасы таратылып, орнына Торғай облыстық басқармасы ұйымдастырылды. Торғай облысы солтүстігінде Орынбор губерниясымен, батысында Орал, оңтүстігінде Сырдария, шығысында Ақмола облыстарымен шектесті. Торғай облысы Торғай, Ырғыз, Елек, Николаев деген төрт уезге бөлінді.

Қазіргі Қостанай облысының барлық жері тарихи тұрғыдан алғанда Торғай облысының құрамына кірді, бірақ қазір Торғай өңірі облыстың оңтүстік 2 ауданын (Жангелді, Амангелді аудандары) және Арқалық қаласы әкімшілігіне қарасты аумақты алып жатыр. Өңірдің ауданы 75,8 мың км² аумақты құрайды және Нидерланды, Бельгия және Люксембург сияқты Еуропа мемлекеттерінің аумағына сәйкес келеді. 1997 жылы Торғай облысының территориясы Қостанай және Ақмола облыстарына бөлініп берілді [1].


Торғай өңірі салыстырмалы түрде тегіс жер бедерімен сипатталады, батысқа қарай биіктікте (Теке, Қызбел, Жыландытау, Қарғалытау, теңіз деңгейінен 210-310 м биіктікте), Торғай ойпаты

мен Торғай үстіртінде орналасқан. Өңірдің солтүстігі мен шығысында Сарыарқаның (Қарақұс, Қарталытау, Сарыадыр таулары) сілемдері көтеріледі. Ең биік жері - Шарықты (биіктігі 397 м). Торғай өңірі аумағы Солтүстік Қазақстанның оңтүстік - батыс бөлігінде, Торғай өзен алабында орналасқан. Жер бедері негізінен тегіс - Торғай ойпаты; солтүстік бөлігін кішігірім көтеріңкі Торғай үстірттері алып жатыр. Торғай және Ұлы Жыланышық өзендерінің бойында Аққұм, Айырқұм, То-сын құмдары бар. Ауданда бірнеше өзендер, олардың ішіндегі ең үлкені: Торғай, Қара Торғай, Жалдама, Ұлы Жыланышық, Өлкейік, сонымен қатар Сарықопа, Ащытастысор және Жаман Ақкөл көлдері бар. Климаты континенталды, қысы ұзақ және суық, жазы ыстық және құрғақ. Орташа температура - 16°С - тан - 17 °С, шілдеде 22 - 25 °С. Жауын - шашын жылына 225 - 275 мм түседі.

Торғай ойпаты – Мұғалжар мен Сарыарқа тауларының аралығында оңтүстіктен солтүстікке қарай 800 км-ге созылып жатыр. Тектоникалық жолмен пайда болған ойпаттың солтүстігі Батыс Сібір жазығына, оңтүстігі Шалқар теңіз ойысына жалғасады. Ойпаттың орталығында солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан Торғай қолаты палеоген кезеңінде Торғай мен Сібір теңіздерін жалғастырып тұрған бұғаз болған [2].

Физикалық-географиялық нысандардың үлкен бір тобы болып су нысандары саналады. Ғылыми әдебиеттерде су нысандарының атауы гидроним (грек тілінен аударғанда «гидро» - су, «оним» - атау) терминімен аталады. Н.В. Подольская гидронимге мынадай анықтама береді: «Кез келген су нысаны, ол табиғи немесе жасанды болсын өзіне тән атауға ие. Осы атаулардың жиынтығын гидронимдер деп атаймыз. Гидронимдерді зерттеу барысында кез келген су нысанын, соның ішінде потамонимдерді (өзен атаулары), лимонимдерді (көл, тоған атаулары), гелонимдерді (батпақтың, кез келген батпақтанған жердің атаулары) танып білу қажет» [3].

Қазіргі кезде Қазақстанның кейбір жеке аймақтары бойынша, оның ішінде Қостанай облысы құрамына кіретін Торғай өңірінің географиялық атауларын топтастыру және этимологиясын анықтау географиялық тұрғыдан ғылыми зерттеулерді қажет етеді. «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы (Қостанай облысы)» 14 томы материалдарының негізінде Торғай өңірінің гидронимдер жүйесі жинақталды [4]. Зерттеулер нәтижесінде Торғай өңірі аумағында 490 гидронимнің кездесетіні анықталды. Гидронимдер құрамы ішінде потамонимдер саны - 246, лимонимдер – 201, гелонимдер – 3, қалған микрогидронимдер – 40 (1 сурет).



Сурет 1- Торғай өңірінің гидронимдерін топтастыру.

Біздің зерттеулерімізде өңірдің гидронимдер жүйесінде географиялық нысандар атаулары құрамының көп бөлігін потамонимдер, ең аз бөлігін гелонимдер құрайтындығы анықталды.

Зерттеу материалдарының негізінде Торғай өңірінің гидронимдер жүйесі номинациялану ерекшеліктеріне қарай жіктелді (кесте 1).

Кесте 1

Торғай өңірінің гидронимдер жүйесі

№	Гидронимдер жіктелімі	Гидроним атаулары
1.	Географиялық орналасу ерекшелігіне, жер бедері, пішіні, көлеміне байланысты қойылған атаулар	<i>Өзен атаулары:</i> Баласай, Жекесай, Қабырға, Сайызсу, Кең, Құмды, Мұқыр, Тасты, Тіксай <i>Көл атаулары:</i> Жекекөл, Шеткікөл, Ортакөл, Ақсайсор, Айыркұм, Аралқұм, Астаусор, Жаркөл, Жарсор, Шұқыркөл, Қыршүмекті, Ойшүмекті, Құмды, Тақыралакөл, Шұқыркөл, Домалак, Дөңгелек, Қазанкөл, Молкөлең, Молкөлеңсай, Үлкенкөл, Кішкенекөл, Кішкенесор, Жіңішке
2.	Судың физикалық – химиялық қасиетіне, сапасына және өзеннің ағысына байланысты қойылған атаулар	<i>Өзен атаулары:</i> Ащылысай, Жақсы Қайыңды, Жаман Қайыңды, Терісаққан, Түрлікөлсай, Тұщы, Шынтұз <i>Көл атаулары:</i> Айнакөл, Айнаақкөл, Ащыкөл, Тұздышы,

		Тұзсор, Тұзкөл, Жалтыр, Жаманай, Қақ, Қатпаған, Сапалы, Сасықсор, Сор, Соркөл
3.	Түске байланысты қойылған атаулар	<i>Өзен атаулары:</i> Ақжар, Аққұдық, Ақсай, Ақсары, Сарысай, Сарысу, Қызыларық <i>Көл атаулары:</i> Ақкөл, Ақсу, Алакөл, Аласор, Қарақамыс, Қарасор, Қарасу, Қызылкөл, Сарыбұлақ, Сарықопа, Сарыөзек
4.	Санға байланысты қойылған атаулары	<i>Көл атаулары:</i> Алтыкөл, Жалғызкөл, Жетіжігіт, Үшқарасу, Қоскөл, Қоссор
5.	Өсімдіктер дүниесіне байланысты қойылған атаулар	<i>Өзен атаулары:</i> Аршалы, Бетағаш, Бұтақсай, Жақсышилі, Жаманшилі, Жарбұтақ, Жарбидайық, Жиделі, Қайыңды, Қарағансай, Миялы, Мойылды, Талды Қарасу, Талдысай, Тобылғы, Шилі <i>Көл атаулары:</i> Ағаштыкөл, Алақамыс, Аяққамыс, Бидайық, Егінкөл, Жалпаққоға, Жауағаш, Қоғалы, Көктерек Қарасуы, Көлқамыс, Талды, Талдыаша, Үшқамыс
6.	Жануарлар дүниесіне байланысты қойылған атаулар	<i>Өзен атаулары:</i> Айғыржал, Құлаайғыр, Кенелі, Теке, Табан, Түйемойнақ, Шортанды <i>Көл атаулары:</i> Балықкөл, Балықты, Доңыз, Жыланды Қарасу, Қазкөл, Қойқопа, Құлабайтал, Түлкілікөл, Шіркейкөл, Шошқакөл, Үйрек
7.	Діни көзқарастарға байланысты аталған атаулар	<i>Өзен атаулары:</i> Бозмола <i>Көл атаулары:</i> Әулиетұз, Қособа, Обалы
8.	Ру – тайпа аттарына байланысты атаулар	<i>Өзен атаулары:</i> Қожа, Қоңырбай, Құлболды, Құлтаба, Құлтай, Майке,

		Торғай, Тоқанай, Түлкісай <i>Көл атаулары:</i> Алтайқайтқан, Баталы, Боқай, Бөлек, Киікбай, Қуат, Маймақсор, Мұрат, Өзен, Сорша, Сүлікті
9.	Адам есімімен байланысты атаулар (антропогидронимдер)	<i>Өзен атаулары:</i> Қожабай, Кенжетай, Қолдас, Қызылбай, Телқара, Тоқтығат, Шоқтыбай <i>Көл атаулары:</i> Әзербай, Әшірбай, Бәйбіше, Байтемір, Берікбай, Қарасуы, Боқсықбай, Дүйсенбай. Зәуре, Қожатай, Садырбай, Тайбағар, Тәуіш, Тауман, Тұзбай

Кез келген гидронимдердің сыр - сипаты мен жасалу заңдылықтарының болатыны белгілі. Гидронимдер арқылы Торғай өңірі табиғатының физикалық - географиялық ерекшеліктері, халықтардың өткен өмірі туралы, сонымен қатар, топонимдердегі жан - жануарлар, өсімдік аттарынан сол аймаққа қатысты көптеген құнды мәліметтерді алуға болады.

Торғай атауының шығу тарихы әр түрлі дәлелдермен айтылып жатады. Дегенмен бастауын қазақтың ұлы даласындағы арқа тірер Ұлытауының сілемдерінен бастау алатын өзен, жай өзен емес, оның аты да өзіне лайықты екенін көрсетіп тұрғандай - төр таудан басталған өзен. Сондықтан ел арасында «Бұл өзен - өзендердің төрі зой» деп айтылып жүрген, кейіннен өзен де, өзеннің айналасындағы жер де, ел де Торғай, торғайлықтар болып аталып, қалыптасып кетуі де мүмкін. Дүниежүзіне Торғай облысының алғашқы атауы, орналасуы, халқының саны және басқа да табылған мәліметтері кеңестік кезеңдегі географиялық карталары арқылы және ХІХ ғасырдың бірден - бір ең танымал туындыларымен белгілі Ф. Брокгауз бен И. Ефронның энциклопедиялары (1897 ж.) арқылы жетті.

Торғай - Шалқартеңіз алабындағы өзен. Ұзындығы - 825 км. Су жинау алабы - 157 мың км². Қостанай облысындағы Жалдама және Қараторғай өзендері қосылған жерден басталып, Ақтөбе облысындағы Қаракөл көліне 8 км жетпей тартылып қалады. Аңғары өзен басынан Торғай ауылына дейін кең, ені – 40-60 км, жиегі жайпақ, жайылмасы тегіс, одан ені – 10-60 м бірнеше өзектер тарап, терендігі 2-6 м қарасулар пайда болады. Арнасының ені 45-100 м, Торғай ауылынан төменгі сағасына дейінгі өзен аңғары (ені - 5-10 км) Тосын құмы өңірінде, бірте - бірте жайылмасы 0,5-1,5 км-ге, ал арнасы 40 м-ге дейін тарылады. Ірі сала-

лары: Сарыторғай, Қайыңды, Өлкейік, Қараторғай, Жалдама. Жауын - шашынмен және ыза суымен қоректенеді [2].

Торғай өзені алабының табиғи ландшафтысы өзінің құбылмалылығымен ерекшеленіп, орманды даладан шөлді жерлерге дейін кездеседі. Негізгі ландшафттарына жазық дала мен шөлейт жатады. Солтүстігінде орманды жерлер аз ауданды қамтыған. Жазықтық аудан аумағының барлық дерлік солтүстік аудандарының жартысын және оңтүстік - шығыс аудандарын түгел қамтиды. Аумақтың жазықтық жерлерінің барлығы ауыл шаруашылық базасының негізі болып табылады. Шөлейтті аудан оңтүстік - шығыс жағында орналасқан. Бұл аудан негізінен мал шаруашылығына бейімделген.

Тарихи деректерде Торғай өзен атауы XV ғасырдан бастап кездеседі. Бұған дейін Сауық деп аталып келген. Бұл дерек XVI ғасырдың орта тұсында өмір сүрген Хафиз Таныш бин мир Мұхаммад әл – Бұхаридің «Шарафнаме и - шахин» («Абдаллахнаме») атты белгілі еңбегінде айтылған. Осы еңбекте Жәнібек ханның немересі Абдаллах ханның 1582 жылы Торғай және Жыланшық өзендерінің бойында болып, Ұлытауға қарай өткені нақты жазылған. 1627 жылы Афанасий Мезенцев жасаған «Үлкен сызба кітабында» аймақтың ірі өзендері қатарында Есіл, Сауық аталып, оның салалары Өлкейек пен Ырғыз деп көрсетілген. Торғай атауының шығу тарихы жайлы көптеген пікірлер бар. Е.Қойшыбаев: «Көне тілдерге тән *тор* (*тор*, *дала* жүйелес: *сай*, *терең*, *тар шат*, *ойпат*) + кішірейткіш – *гай* (*қай*) аффиксінің қосындысынан қалыптасқан атау. Атаудың көнелігін Омбы облысындағы чұлым татарлары мекені Торғай елді мекен атауы растай түседі. Чұлым татарлары самодий тілдес халықтар тобына жататыны мәлім. Сондықтан да Торғай тұлғасы түркі тілдері аясынан артып, алтай дәуірінен сыр тартады» деп жазады [5]. «Этнолингвистикалық этюд» атты мақаласында С.Нұрханов: «Орыс жылынамаларында кездесетін *торық* тайпасын түрк-монғол тілдес толықтармен қатар қояды да, торғай сөзі *торық* және *ай* деген тайпалардың атынан жасалған. Ал *ай* тайпасының аты *Ай*, *Айқыз*, *Аязгез*, *Айрық*, *Айтағыз* деген гидронимдердің құрамында кездеседі. *Адай*, *Қызай*, *Керей*, *Өтей* деген этнонимдердің құрамындағы *ай*, *ей* бөліктері де осы *Ай* тайпасының атына қатысты болса керек», - деп пайымдайды [6]. Ғалым мақаласында торы этнонимінің дамуының лингвистикалық заңдылықтарын тарихи мәліметтермен салыстыра зерттеген.

Түркі тілдеріндегі Сары - Тор, Ашу - Тор, Кол - Тор, Каракол - Тор атауларының құрамындағы тор сөзімен Торғай атауындағы *тор* сөзі төркіндес деп қараймыз. Бұған Ханты – Манси тіліндегі *Тор // Сор* –«өзен», «су» деген мағыналарын білдіретінін ескерсек [7], онда екінші сыңардағы – *гай* (*қай*)

кішірейткіш мәнді қосымша деген пікірге қосыла отырып, атаудың мағынасы «кең алқаптағы өзен, су» деген ұғымды білдіруі мүмкін.

Торғай даласындағы ұзын өзендердің бірі – **Ұлы Жыланшық**. Өзеннің бастауын Ұлытау сілемдерінен алады. Географиялық мәліметтер бойынша, өзеннің аңғары Сарыарқаның оңтүстік - батыс шетіндегі Ұлытау таулы массивінің теңіз деңгейінен 750 м биіктігінен басталып, Торғайдың Жангелді ауданындағы Ақкөл көліне (еңістігі 65 м) құяды. Биіктік пен еңістік арасындағы айырмашылық – 695 м. Осы аралықта өзен 426 шақырымдық ұзындықта ағып өтеді. Жыланшық Ұлытаудан аққан екі өзен саласының бірігуінен пайда болады. Оң жақ саласы - Үлкен Жыланшықтың ұзындығы 163 км, сол жақ саласы Кіші Жыланшық немесе Дулығалы Жыланшықтың ұзындығы 140 км. Кіші Жыланшық Ұлы Жыланшылыққа сағасынан бастап есептегенде 263 шақырым жерде қосылады. Ал Ұлы Жыланшық пен Кіші Жыланшық өзеннің атауы ұзындыққа байланысты немесе өзендердің бастау арнасы Ұлытау немесе Кішітаудан басталатынан болса керек. Бұған қоса қос өзен Торғай жазығында қосылып, арнасы кең өзенге айналады. Сол жерде ол «Үлкен, яғни Ұлы Жыланшық» атанады.

Қазақ тарихында ерекше орын алатын киелі өңірдің бірі – «Ұлы Жыланшық» аймағы. Жергілікті тұрғындар ертеде осы өзенде жылан өте көп болған деседі. Атаудың пайда болу себебі «Жыланшық» сөзімен байланысты Жыланшық деп аталуының осындай мәні бар. Бастауын Ұлытаудың батысынан алатын «Дулығалы», «Терісбұтақ», шығысқа қарай ойысып барып доғаланып ашасы тарыла келе, Ұлы Жыланшыққа жалғасады. Арасында «Шығырлы» аталатын бөліктері және бар. Ұлы Жыланшықтың «Жалаулы», «Ержылан», «Кезауыз», «Ойғы әділ», «Қонжар-тұма», «Сауранбай», «Қызыл-Шатқал», «Ақшатау», «Сәкеннің қасқасы», «Сарбұлақ», «Қарагер аттың жырасы», «Бозатан», «Талдықара», «Зілгара», «Көшек», т.б. қосымша салалары бар. Жыланшық өзенінің солтүстік бөлігі ойлы - қырлы, бедерлі болып келсе, оңтүстік бөлігі көбіне біркелкі жазықты жер бедерімен ерекшеленеді [8].

Профессор А. Әбсадықов «Ұлы Жыланшық гидронимі» мақаласында: «Ұлы Жыланшық гидронимінде халықтың өзен-су атауының арнасының көлеміне және оның ұзын - қысқалығы қатысты таным - түсініктері орын алған. Бұл жерде атаудың «ұлы» бөлігі ұзындыққа қатысты болса, кішірейтпелі мағына беретін «шық» қосымшасымен жасалатын «жылан» деген екінші бөлігі өзен арнасының жіңішкелігіне және ирелендеп ағатына байланысты қалыптасқан. Басқаша айтқанда, қазақ танымында «Ұлы Жыланшық» «арнасы жіңішке үлкен, ұзын өзен», ал «Кіші Жыланшық» «арнасы жіңішке қысқа өзен» деген мағына береді» деп жазған [9].

Өлкейік - Ақтөбе облысының солтүстік - батысы мен Жангелді ауданының оңтүстік шекарасында ағып жатқан өзен атауы. Басы Торғайдың Бестауынан, Ақтөбенің Толыбайынан басталып, Жалау, Сарыөзек, Алакөл алқабын толтырып, Теліқарадан Торғай өзеніне құяды. Өлкейек Жантай мен Толыбай өзендерінің қосылған жерінен басталып, Балапан сағасынан оңтүстікке қарай 15 км жерде орналасқан Қызылкөлге құяды. Өзенінің ұзындығы 340 км. Ұзындығы 349 км, су жиналатын алқабы 3600 км². Жоғарғы ағысында белесті жазықпен ағады, аңғары 1 км-ден 3,5 км-ге жетеді. Жайылмасы екі жағында 0,6-2 км. Арнасы 20-30 м, бұл бөлігінде су жазда қара суларға бөлініп қалады. Қабырға өзені сағасынан төмен Өлкейек аңғары жайпақталып, 7-8 км-ге ұлғаяды. Үлкенді-кішілі қарасулар (ең ұзындығы 9,8 км, ені 50-60 м, тереңдігі 7 м) кездеседі. Суы тұщы, жазда кермектенеді. Жылдық орташа су шығыны сағасы тұсында 1,60 м³/сек.

В.В. Радлов сөздігінде қазақ тіліне тән мынандай екі нұсқаны береді: біріншісі, «өлге» - «тау өзені», екіншісі «үлге» - «қамыс өскен өзен» деген мағынада [10]. Өлкейік өзенінің басталатын жері биік тау емес, бірақ теңіз бетінен 300 метрден астам жоғары жатқан қырқа. Жергілікті халық өз жерінде бұдан биік жер кездестіргендіктен, «Бестау» деп атап кеткен. Мұны ескерсек, «Өлкейікті» - тау өзені деуге болады. Өзен болған соң, жағасына қамыстың көптеп өсуі де табиғи заңдылық. Бұл ретте оны тұрғын халық «Қамысты өзен» деп атаудың орнына ертеректе жиі айтылған «үлгө» сөзін қолданған. Осы екі сөздің («өлге» және «үлгө») қайсысына болса да – лiк қосымшасы жалғанып, «өлгөлiк» немесе «үлгөлiк» болып қалыптасып, берi келе ауызекi сөзде «өлкейек» түрiнде айтылуы дағдыға айналып, мағынасы «таулық» немесе «қамысты» өзен дегендi бiлдiруi мүмкiн. Ә.Нұрмағанбетұлы: «Моңғол тілінен «үлхийх» дыбыстық құрамдағы сөз, «орта», «толы емес» мағыналарын білдіреді. Бұдан моңғол тіліндегі «үлхийх» - тың біздің тілімізде «өлкейек» не «өлкөйек» болып өзгеруі тіпті оңай және тіл заңдылығына да сәйкес. Болжам бойынша «Өлкейік» - «суы орта өзен» мағынасында» деп жорамал жасайды [11].

Қабырға – Торғай облысы, Жангелді ауданы және Амангелді аудандарының көлеміндегі өзен. Ұзындығы 144 км, су жиналатын алабы 3870 км². Тiкбұлақ және Ащыбұлақ өзендері құйылысынан басталып, Өлкейек өзеніне құяды. Аңғары бас жағында тар, төменгі бөлігінде кең, жайпақ өзектерге бөлінеді. Су деңгейі көктемде көтеріледі. Жазда суы тартылып, қарасуларға бөлініп кетеді. Жылдық орташа су ағымы сағасында секундына 1,11 м³ құрайды. Өзен суы мал суаруға, шабындықты көлтабандатып суландыруға пайдаланады.

Өзеннің атауы жөнінде бірнеше жорамал бар. Ә.Нұрмағанбетұлы: «Біздің тілімізде «қабырға» - «адам қабырғасы», «үй қабырғасы» деген

мағына берсе, басқа түркі тілдерінде және тұңғыс-манжұр тілдерінде өзгеше мағыналарға ие болады. Якут тілінде «хабырға» - жұтқыншақ, тамақ, алқым; ноғайларда «кабырға» - шет, шекара; татар-башқұрттарда «кабыра» - тау баурайы, қия қабақ; хакасша «хабырға» - шек, шет және тау баурайы іспеттес мағыналарда қолданылады. Тұңғыс - манжұр тілдерінің кейбіреулерінде «капурға» тұлғалы сөз, біздің түсінігіміздегі «сыну, бүліну, тозығы жету» дегендерге нұсқайды. Осы деректерді сарайлай келіп, ой елегінен өткізгенде «Қабырға» өзенінің атауын татар, башқұрт, хакас тілдеріндегі «Қия қабақ, тау баурайы» сияқты мағыналарымен байланыста қараған қолайлы көрінеді. Өйткені, қандай өзен болмасын бастамасын биік, үстірт жерден шығатын бұлақ, су көздерінен алатыны мәлім. Демек, өзен атауы - өзі бас алып жатқан тау баурайының көптеген түркі тілдеріндегі ежелгі атауы - «кабырға» - мен байланысты туса керек» деп жазды [11]. Қабырға атауын метафоралық атауға жатқыза отырып Бияров Б.Н.: «Қабырға өзені бір биіктікті қабырғалай ағатын болған соң, Қабырға атына ие болады» деп тұжырымдайды [12].

Торғай өңірі киелі жер. Торғай – Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты рухани тірегіміздің, алып арыстарымыздың туып - өскен қасиетті мекені. Тәуелсіздігімізді алған алғашқы жылдары тарихымызды жазып кеткен академик Манаш Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазин мен Кенжеғали Сағадиев сияқты қазақты оятқан Алаш азаматтарының отаны болған Торғай өңірі су нысандарына бай жерлердің бірі болып табылады. Торғай өңірінің гидронимиясы күрделі құрылымымен және кеңістіктік таралуымен ерекшеленеді. Адамдардың алғашқы қоныстары су нысандары маңында болғандығын қазіргі кездегі тарихи - археологиялық деректерден байқаймыз. Сондықтан да адамзат тарихында ең алғашқы географиялық терминдер мен атаулар су нысандарымен байланысты болған деп болжауға болады. Су нысандары атауларына (гидронимдер) гидрографиялық терминдер негіз болады. Гидронимдер құрамында кездесетін терминдер арқылы су нысандарының түрін, сипатын және т.б. географиялық ерекшеліктерін анықтаймыз. Қазіргі таңда Торғай өңірінің су нысандары атауларының жасалу жолдары мен шығу тарихы туралы нақты деректерді жинақтап, зерттеу қажеттілігі маңызды болып отыр. Су атауларының этимологиясын зерттеуде лингвистикалық, тарихи көзқарастармен қатар географиялық негіздерін де ескерген жөн деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Торғай елі: Энциклопедия / Құраст. Т. Рсаев. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 456 б.

2. Джаналеева Г.М. Физическая география Республики Казахстан. - Астана. 2010, - 592 с.
3. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. 2-изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1988. - 192 с.
4. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Қостанай облысы. - Алматы, 2017. - 311 б.
5. Қойшыбаев Е. Қазақстан жер - су аттары сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1985. - 256 б.
6. Нұрханов С. Этнолингвистикалық этюд. // Қазақстан мектебі. 1967. №1. 74-76 б.
7. Калинина Г.О географическом термине тор и его вариантах // Вопросы финно - угорских языков. Вып. IV. Ижевск, 1967, С 118
8. Байділдин Ш. Торғай аймағының жер - су атауларының шығу тегі. // «Торғай өңірінің тарихи топонимикасы» ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. Арқалық, 2014. 14 қазан. 32-47 б.
9. Әбсадықов А. «Ұлы жыланшық гидронимі». <http://tobyl-torgai.kz/2017/11/21/3276>
10. Радлов В.В. Опыт словаря Тюркских наречии. СПб. Изд-во вост. лит., 1893. - С. 785
11. Нұрмағанбетұлы Ә. Жер - судың аты – тарихтың хаты. - Алматы: Балауса, 1994. – 64 б.
12. Бияров Б.Н. Жер – су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография. - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГИОТОПОНИМДЕРІ (ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Жазира Ағабекова

*Назарбаев Университетінің ассистент
профессоры ф.ғ.к.*

Салтанат Жайлау

*Геральдикалық зерттеулер орталығы
Ведомстволық және өзге наградаларды
сараптау бөлімінің басшысы*

Қазақстанның аумағы қасиетті жерлерге бай. Онда халықтың материалдық және рухани байлығы көрініс табады. Мемлекетте түрлі діни ғибадат ету орындары мен нысандары, олардың ішінде кесенелер, мешіттер және киелі жерлері көп. Кез келген географиялық аймақ, табиғи кеңістіктегі жер-су немесе адам қолымен жасалған нысандардың атаулары жалпы «топоним» деп аталса, оның ішінде атаулары қасиетті есімдерден жасалған жерлер «агиотопоним» деген терминмен белгілі. Агиотопоним - кез келген агионимдердің негізінде пайда болған атаулардың жиынтығы. Ал агионим деген өз кезегінде, сакралдық ономастика аясындағы сакралдылық категориясын сипаттайтын тұлға немесе қасиетті бейне мен кейіпкерлердің есімдерінің жиынтығы [1].

Әлемге танымал дінтанушы ғалым Әшірбек Муминов Қазақстанның Оңтүстік өлкесін киелі орындардан тұратын ерекше орын екенін айтып кеткен [2,17]. Орта ғасырда жазылған шығармалардың өзінде Сайрам қаласында 30-ға жуық киелі орындардың бар екені айтылады. Мақаланың зерттеу объектісі – Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Түркістан облысындағы агиотопонимдер мен олардың құрылымдық типтері. Мақалаға негізі объект болып отырған агиотопонимдердің тек Түркістан облысы бойынша зерттеу – ондағы “киелі” объектілердің көлемінің көптігі мен олардың ерекшелігіне байланысты болып отыр.

2010 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен облыстың тарихи, мәдени, рухани мұраларын сақтау, жүйелеу мақсатында «Қазыналы Оңтүстік» атты көптомдық еңбек шығару жоспарланған болатын. Бүгінгі күнде 500 томдық кітаптың 311 томы басып шығарылған[3]. Аталмыш кітаптың 144-бөлімінде облыс көлеміндегі агиотопонимдер туралы ақпараттар берілген.

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Ағабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

Олардың орналасқан жері, атаулары туралы ақпараттармен қоса, ел аузынан жинаған аңыздар мен әңгімелер де бар. Бұл мақалада кітапта берілген 488 “киелі жер» атауларын құрамына қарай бөліп, құрамындағы, атауларда жиі кездесетін кейбір сөздердің мағыналары анықталады.

Түркістан облысының агиотопонимдерін анализ жасау және оларды мағыналық жағынан жіктеу барысында ежелден келе жатқан діни қайраткерлер мен киелі кісілердің есімдерінің негізінде пайда болған агиотопонимдер көп кездесті. Қазақ тілінде топонимдерге байланысты “киелі жер” сөзі көбінесе “әулие” концептісімен сәйкес келеді. “Әулие” – “уәли” деген араб сөзінің көпше түрі, қазақша “қасиетті” деген мағынаны береді. Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы деген мәнде кездеседі. Әулиелер бойындағы ерекше қасиеттерімен ерекшеленіп тұрады. Олар халықтармен жақын араласып, елдегі рухани құндылықтарды сақтаушы ретінде, оларды қорғаушы, насихаттаушы адам ретінде танылған. Әулиелер діни қағидаттарды берік ұстап, шипагерлік жасап, ерекше қасиеттерінің арқасында елге танымал болған адамдар. Әулие атақ немесе шен емес, халықтың берген бағасы. Олар қайтыс болғанда ерекше жерге қойып, халық қиналған уақытта да олардың басына барып құран оқып тұрған. Бұл туралы тарихшы ғалымдар өз зерттеулерінде мынадай түсініктер береді: Көзі тірісінде елді рухани тура жолға бастаған әулиелердің қайтыс болғаннан кейін де қадір-қасиеті тағы да арта түседі. Осыған орай олардың қабіріне кесене тұрғызылып, ол қасиетті дүрбе мұсылмандардың тұрақты зиярат ететін киелі мекеніне айналады(4,30). Мысалы, Созақ ауданының Шолаққорған селосында сынықтарды ешқандай дәрілердің көмегінсіз бірден салып беретін танымал сынықшы әйел кісі болған екен. Әулиелігі сол-жаны ауырып іздеп келе жатқан кісіні біліп, қазанын көтеріп отырады екен. Ел арасында Аққол ана аталған. Сынықшы, емшілердің пірі (3,15). Бұл сөз қазақ тілінде «әулие-әнбие» түрінде қосарланып та айтылады, мұндағы “әнбие” арабша – “нәби”, яғни, “пайғамбар” деген сөздің көпше түрі. Тек оларды топтап айтылғанда қолданылады. Жекеше түрде “әулие-әнбие” деп қолданылмайды. Түркістан облысы агиотопонимдерінің ішінде “әулие” сөзімен келген атаулар өте көп. “Әулие сөзі” бір компонентті, екі компонентті, көп компонентті сөздердің құрамында кездеседі. Кітаптағы барлық атаулардың 265 агиотопонимінің құрамында “әулие” сөзі кездеседі екен. Әулиелік адам бойындағы ерекше қасиетпен байланысты болғандықтан оның негізінде адамзат түр. Антропонимдерден жасалған агиотопонимдер барлық деректердің жетпіс пайызын құрап отыр: Әбдікәрім әулие, Әліхан әулие, Дәуленбай әулие, Мансары әулие, Марата әулие т.б. «Әулие» сөзі арқылы келген агиотопонимдердің құрамы да

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Агабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

эртүрлі. Мысалы, Ақмолда әулие, Ақпан әулие, Алтайбай әулие, Көктанды әулие, деп бір негізді болып келетін болса, Бала ғайып әулие, Дүр ана әулие, Жалғыз тұт әулие, Жалғыз тал әулие, Кебін сандық әулие, Кептер кие әулие т.б. сияқты екі негізді атауларды екі негіздіге жатқызуға болады. Біршама агитопонимдерде «әулие» сөзі атаудың негізіне кіріп, көпнегізді атау жасайтын топоформанттар арқылы жасалып кетеді. Топоформанттарды А.В.Суперанская топоним жасауға қатысатын көмекші элементтер деп сипаттайды. «**Топооснова** или основа топонима - это смысловой компонент географического названия (даже если в данном языке смысл, т.е. связь с именем нарицательным или другим собственным именем, не вполне очевидна). Топоосновы в чистом виде не существуют. Они обязательно дополняются до целых слов, оформляется с помощью вспомогательных элементов, которые принято называть **формантами** или **топоформантами**»[5,101-102]. Агитопонимдер ана, ата, баба топоформанттары арқылы жасалғандарын кездестіруге болады: Жамбас ата әулие, Жарас ата әулие, Ғайып ата әулие, Дәруіш ата әулие т.б. Агитопонимдер құрамындағы «әулие» сөзі топоформант та және негізгі атау да қызметі атқарады. «Әулие» сөзінің гидроним, некроним, спелеоним, дримоним, ойконимдер құрамындағы топоформанттық формасы нақты көрінеді. Ақмешіт әулие үңгірі (спелеоним), Үшбұлақ әулие бұлағы (гидроним), Мардан ата әулие қорымы (некроним), Қарабастау әулие бұлағы (гидроним) т.б. Агитопонимдердің құрамындағы көп кездесетін некротопонимнің бірі – **қорым**. Бұл кітапта «қорым» сөзімен келген 127 агитопоним бар. Мысалы, *Ақын әулие қорымы, Алты Құлаш қорымы* т.б.

Қорым – адамдардың өлгеннен кейінгі жерленген жерінің атауы. Қазақ тілінде қайтыс болған адамдар көмілген жерлерге байланысты түрлі лексика қолданылады. Қорым негізінен зираттардың жиынтығы. **Бейіт** – қайтыс болған адамның зиратта жерленіп белгі қойылған орны. Бейіт – араб тілінде «үй», «пәтер», «шатыр», «бөлім» дегендерді білдіретін көп мағыналы сөз. Этномәдени ортада зират – белгілі бір қауымға тән меншікті ұжымдық жерлеу орны болса, бейіт – соның ішінде мәйітті қоятын бір «бөлімі», «үйі». Алты сары бейіті деген атау бір шайқаста қаза болған бір үйдің алты ұлының кабіріне берілген.

Мола – көбінесе эртүрлі себептермен жеке дара жерленген адамның көрі мен көр үстіне қойылған белгі деген ұғымды білдіреді. Мысалы, сапар үстінде, алыс жолда қайтыс болған адамды зиратқа, қорымға қою мүмкін болмаған кезде топырақ бұйырған жеріне қойып, белгі орнатады. Жерлеу орнының бұл түрі де “мола” деп аталады. Егер ол арнайы сәулет үлгісінде көтерілсе, оны “кесене”, “дың”, “күмбез” деп те атайды.

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Ағабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

Зират – көптеген адамдар жерленген орын болса, көне заманнан қазақ оны “қорым” деп атайды. Қорым – көбінесе соғыста, жаугершілікте қаза болған жауынгерлерді жеке-жеке қабір қазып, арулау мүмкін болмаған жағдайда үлкен етіп қабір тәрізді қазылған орға мәйіттерді топтап қойып, топырақ жауып, үстіне тас үйіп орнатқан жерлеу орны деген ұғымды білдіретін атау болған. Жеке-дара жерленіп ерекше белгі қойылған орындардың түрлері кесене, күмбез, сағана деп аталады. Ғылыми ортада қорым “некрополь” деп те қолданылады. Қазақ даласында әлі күнге дейін ешбір тізімге алынбаған ашық аспан астында жатқан көптеген некропольдер бар. Агиотпонимдер құрамындағы “қорым” сөзі мекендік ақпарат беру қызметін атқарып тұрады: Кеңқол ата қорымы, Кенжебай ата қорымы, Қобызды ана қорымы, Маржан ана қорымы тағы басқа. Бұл некротопонимдердің барлығы агитопонимдер құрамында мағыналары мен негізгі номинациялық қызметі ауысып кетіп отырады. Мысалы, Өлқожа ата қорымында бір ғана мазарат тұр. Ал осы ауданда Әмбар ана қорымында кесекпен қаланған бірғана сағана тұр да, оның жанына поляктар мен жергілікті халықтар қатар жерленген қорым бар деп жазады. Яғни бірнеше адамдардың жерленген жеріне «қорым» деп атау беріп тұр. Қорымдардың да, әулиелердің де атауларында әйел адамдардың есімнен гөрі, ер адамдардың атауы көп. Олар “апа”, “әже”, “ару”, «бикеш» топоформанттары арқылы жасалған: Домалақ ана, Жезбике ана, Ақбөпе ана әулие, Анар әже. Әйел есімдерімен келген агитопонимдер көбіне ақылдылық пен парасаттылықтың символы ретінде қабылданған. Көбінесе бұл компоненттер анықтауыш қызметінде тұрады. Қорым агиотопонимдердің құрамында анықталушы қызмет атқарады.

Агитопонимдердің ерекшелігі қасиетті орындардың көбі еш жерде ресми географиялық объекті ретінде тіркелмеген. Халықтық түсінікпен ұрпақтан ұрпаққа киелі орын ретінде айтылып, сақталып келе жатыр. Агитопонимдердің кейбіреулерінде киелі орын деген тіркеспен де халық арасында қолданылады: Арыстан баб әулие киелі орны, Бибі Мариям киелі орны, Боздақ ата киелі орны, Ғариб ата Шайық әулие киелі орны, Бибі Ғияс ана қасиетті орны, Домалақ ана киелі орны. Бұл атаулардағы «қасиетті», «киелі» топоформантының мағыналары бір болғанымен, олардың кейбіреулері мазарлар, кейбірі тек төбе, кейбірі тек тоғай немесе жазық жер. Бірақ халық ол желерді қасиетті санап, күзетіп, қамқорлық жасап отыр.

Агитопонимдердің тағы бір түрі – **мешіттер**. Қазақ тіліндегі «мешіт» сөзі араб тіліндегі «مَسْجِدٌ» (мәсжид) сөзінен туындаған. «Мәсжид» сөзі «دَجَس» (сәжәдә)[6] сөзінен туындап, «бас иіп сәжде ететін жер», «құлшылық қылатын орын» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде «Мешіт» – құлшылық

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Агабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

жасалатын орын. Мұсылмандардың ол жерге келудегі басты мақсаты – Аллаға құлшылық ету, парыз етілген үкімдерді орындау. Мешіт қоғамдағы барлық мәселенің шешімін табуға, елдегі бірліктің, ынтымақтың сақталуына тікелей себепші болатын орын. Ислам діні бойынша адамның туғанынан бастап өмірден өткенге дейінгі діни рәсімдерді мешітте өткізуге болады. Балаға ат қою, неке қидыру, жаназа шығару сынды көптеген діни рәсімдер мешітте орындалады. Қазақстандағы әрбір мешіт Діни басқармада тіркеліп, онда имам жұмыс жасайды. Агитопонимдер болып отырған мешіттер әр ғасырдың сәулет өнері ретінде тіркеліп, қорғауға алынған. Халық ол жерге зиярат етеді, киелі жер ретінде тәуеп етіп жүреді. Сондай мешіттердің бірі - «Жұма мешіті». Ол Түркістан қаласында А.Ясауи кесенесінің жанында орналасқан. Орта ғасырда осы жерде А.Ясауидің үйі болған. Қазіргі уақыттағы мешіт XIX ғасырда салынған. Жергілікті халық сол мешітке барып тәубе етеді. Қасиетті орын ретінде сақталып, мемлекеттің қамқорлығына алынған.

Шымкентке таяу жерде Аққойлы төбеде «Ишан Базар мешіті» бар. Бұл табынушылық орнына ұқсамайтын монументтік құрылыс. Бұл ара ертеде бүкіл аймақтың діни қоғамдық өмірінің орталығы болған деседі. Ол Шымкент ескерткіштерді жаңғырту шеберханасының көмегімен қайта қалпына келтірілген.

Біз объект етіп алып отырған еңбекте Бәйдібек ауданында «Аппақ ишан күмбезі» туралы жазылған. Бұл ескерткіштің атауы ғимараттардың күмбезіне байланысты берілген. Қазақ тілінде күмбез «дөңгелек шатыр» деген мағынаны білдіреді. Күмбез көбінесе шеңберленіп, кейде көп қырлы етіп жасалады. Күмбез ғимарат төбесін жаба отырып, үстіңгі салмақтың қабырғаға біркелкі таралып түсуін қамтамасыз етеді. Төбесі күмбезбен жабылған мазарларды да қазақтар «күмбез» деп атайды. Қазақстанда бүгінгі күнге дейін сақталған күмбезді ғимараттар қатарына Жошы хан күмбезі, Алаша хан күмбезі, Қожа Ахмет Иасауи кесенесі, Арыстан баб кесенесі, т.б. көптеген мазарлар жатады. Кейінгі жылдары да Қазақстанда төбесі күмбезді көптеген ғимараттар: «Арасан» емдеу-сауықтыру кешені, Оқушылар сарайы, Қазақтың Мемлекеттік орталық мұражайы, Ақтаудағы сауда-орталық ғимараты, Алматыдағы Орталық мешіт, Астанадағы Президент салтанат сарайы, т.б. салынды. Бірақ, «Аппақ ишан күмбезі» деп келтірілген бұл ғимараттың ресми тіркелген атауы -Аппақ Ишан мешіт-медресесі. Кешен құрылысына: медресе, мешіт, дәрісхана кіреді. Алғашқы кезде көптің көмегімен асарлатып осы мешіттің орнына қам кірпіштен шағын ғана мешіт тұрғызылған. Шаян ауылынан мешіт-медресе ашылғанын естіген халық, жан-жақтан ағыла бастайды. Шағын мешітте шәкірт тәрбиелеу үшін кең бөлмелер қажет болғандықтан,

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Ағабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

Қосым ишанның баласы Сейдахмет патша ағзамның шенеуніктеріне қайта-қайта барып жүріп, күйдірілген қыштан мешіт медресе рұқсат алады. Кезінде мешіт болып, халыққа қызмет жасаған орындар бүгінде қасиетті орындарға айналып отыр. Олардың көзге көрініп тұрған ғимараттары сақталғандықтан, көбіне оларды тарихи ескерткіш ретінде мемлекет өз қарауына алған. Қасиетті деп саналатын төбе, құдық, тоғай, жерлерге қарағанда осындай мешіттерге халық көбірек зиярат етеді.

Агитопонимдердің құрамында кездесетін тағы бір лексика – «Қадамжай». Араб тілінің сөздігінде «Қадамжай» жер астындағы мешіт, баратын орын «жай» деген мағына береді. Шолаққорған елді мекенінің Созаққа шыға берісіндегі бір төбешікті халық қасиетті, әулиелі, киелі орын санап, аяқасты етпеу үшін қоршап қойған. Оны жергілікті халық Ислам дінінің қазақ жеріне әкелуші Ысқақ бабтың інісі Әбдіжәлел бабтың бейіті деп санайды. Халықтың атауы – «Әбдіжәлелбабтың қадамжайы».

«Қадамжаймен» мағыналас «Қабірстан» сөзімен жасалған агитопонимдер бар. Сайрам ауданының орталығы Сайрам елді мекенінде айнала-сына жаңғақ, қарағаш отырғызылған қабірлер жиынтығы бар. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша сол жерге алғашқыда Қарақалпақтан көшіп келгендер жерленген екен. Кейіннен басқалар да араласып кетті дейді. Сол бастапқы атаумен «Қарақалпақстан қабірстаны» деп аталған. Ислам діні бойынша «Қабір» – Алла алдындағы өз міндетін орындаған, өзгелерге ізгілік еткен кісілер тынығып, рахат көретін жәннат бақшаларының бірі, ал өз міндетін орындамаған пенделер үшін азап тартатын жәһаннам шұңқыры болмақ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Қайтыс болған адамдардың жатқан жері, қабірлері (пантеон)» деп түсінік береді. «Төрткүл» қабірстанын да жергілікті халықтар «қорым» деп атайды.

Агитопонимдердің ішінде фитонимдерден жасалған лексика да кездеседі. Олар екі негізді болып, құрамында «жалғыз», «екі», «қос» деген сандық ұғымдағы анықтауыштармен жасалады, құрамында «әулие», «қасиетті орын» деген топоформанттар бар. Бір атау түрлі аудандарда кездеседі. Жалғыз өсіп тұрған тұт ағашы Сайрам ауданында екі жерде бар. Ол екеуі де «Жалғыз тұт» әулие деп аталады. Екеуіне байланысты аңыздар да ұқсас. Қанша шауып тастаса да айдалада қайта өсіп шығып, халыққа пана болып жүргендіктен «қасиетті әулие» саналған. Созақ ауданында ескі қорымда бір бұлақ бар. Сол бұлақтың жанында жалғыз тал өсіп тұрады. Оның қасына адамдар келіп, сәл кессе қан ағады екен. Соны қарапайым халық түсінбей. Әулие санап, бұтақтарына ақ байлап кететін болған. «Жиделі», «Жыңғылды», «Жаңғақты», «Ақшешек» деген өсімдіктердің атауымен кел-

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Агабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

ген агитопонимдерді кездестіруге болады. Негізінен халықтан жиналған аңыздарға қарағанда фитонимдік агитопонимдерде сол өсімдіктердің көп болып тұрғанына байланысты, халықтың оларды өз қажетіне еркін жаратқандықтарына байланысты қойылған деп тұжырымдауға болады. Атау мекенжайдың ішкі мазмұнына сай болып отыр.

Түркістан облысында зоонимдердің де агитопонимге айналу процесі кездеседі. «Жыланды», «Жылқышы», «Ақбура әулие», «Қарлығаш әулие» сияқты киелі жерлерді жасы ұлғайған кісілер ғана білмесе, қазіргі ұрпақтың көзіне көрініп тұрған нақты орын жоқ. «Жыланды» әулиенің атауында екі мағына айтылады. Біріншісі, «жылау» етістігінен келген, сондықтан да «жыланып қалмайық деп өз атымен атамаған. Екіншісі де осы ұғыммен байланысты. «Жыландыны» тура атамай «Шұбар әулие», ал әулиенің жанында орналасқан ауыл да «Шұбар» деп аталады. Ол лингвистикадағы «табу» бойынша беріліп отыр. Сағанаға халық әулиенің құдіретіне сеніп барады екен. Әулиенің құдіреті- адамның қилы тағдырындағы түймедей түйінделген түйінді шешіп береді екен. Пенде бойында үрейден, қорқыныштан жабысқан аурулардан арылтады. «Жыланның ысылдаған тілі сүйріктігінен, жылдамдығынан бойыма сөз бастайтын шешендік, ділмарлық дарысын!» деп, әулие аруағынан тілек тілейтіндер баратын орын.

Жер-су атауларын жасауға қатысатын халықтық географиялық «төбе», «бұлақ», үңгір, термині арқылы жасалған агитопонимдер де бар: Ақпан төбе, Әнет төбе, Әулиетөбе, Қарауылтөбе, Ғайып ата төбесі, Қарабастау әулие бұлағы. Жалпы бір атаумен келген бірнеше географиялық объекті кездеседі. «Қошқар ата» өзенінің алты сағаны бар. Олардың әрқайсы бірінен бірі алыс орналасқан. Олардың пайда болуы мен қасиетті орынға айналуына байланысты аңыздарда әртүрлі болып келеді. Сонымен қатар, осы атаумен «киелі», «әулие» жерлер де бар. «Қошқар ата» Төлеби ауданы Әңгірата аулында және Сарыағаш ауданындағы Келес өзенінің сол жақ беті Абай селосынан үш километр жерде, Қаратау қойнауындағы Қошқар ата өзенінің бойындағы ескі қорымда орналасқан.

«Ақ Ата әулие», «Ақ Ата әулие қорымы», «Ақ ата қорымы» да «Ақ атамен» бірнеше рет кездеседі. Бұлардың орналасу да бір біріне жақын емес. Бір әулие атауы облыстың бірнеше аудандарында кездеседі. Бір атаумен келген қасиетті орын бірнеше географиялық объектіге беріліп, бірнеше ауданда кездеседі. Мысалы «Қыз әулие» деген Сайрам ауданында Қайнарбұлақ ауыл әкімшілігіне қарасты бір төбе бар. Төбенің басында бірнеше адамның жерленгені туралы айтылады. Орталарында өзгешелеу, көлемі жағынан үлкендеу, диаметрі 4,5-5 метрлік қабір орнын айтады. Шырақшысының

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Агабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

айтуынша Сандуғаш деген өз заманының көріпкелі болған әдемі, ажарлы қыздың мазары екен. Қазақстан ғылымында Агиоантропонимдердің өзі негізгі үш лексикалық-семантикалық топқа бөліп қарастырады:

1. Сопы әулие есімдерінен жасалған географиялық нысандар (кесенелер, мешіттер, киелі төбелер, тастар немесе ағаштар)
2. Әулие-әмбиелер жерленген киелі орындар
3. Кәсіп-мамандық жебеуші иелерінің есімдерінен жасалған топонимдер (құрандық әулиелер, пайғамбарлар) [7,95].

Сопы әулиелер есімдері көптеген аңыз-әңгімелермен тығыз байланысты, табиғи тылсым қасиетке ие кісілер ретінде танылады. Сопы әулие есімдерінен жасалған агиотопонимдердің ерекшелігі, географиялық аймақтың атауы тікелей әулиенің шынайы есімінен емес, көбінесе олардың лақап аттарынан жасалады. Мәселен, Түркістан облысының Созақ ауданында сопы әулие Қарабура кесенесі бар. Дегенмен, Қарабура киелі әулиенің лақап аты, ал шын есімі - Бурахан адзар. Агиотопонимнің этимологиясына (шығу тегі) сәйкес Бурахан адзар әулие Қожа Ахмет Яссауидің аңыздарында жиі кездескен Қарахан бабаның серігі болған. Кейбір деректер бойынша, Бурахан әулие Қожа Ахмет Яссауи әулиеге он түйенің алып келетін сексеуіл мөлшерін бір түйеге жүктеп әкелген. Осыған байланысты, шын атын білмеген халық әулиені Қарабура атап кеткен. “Бура – түйенің еркегі, ал қара - оның түсі” [7,65].

Агиоантропонимдерге әулие-әмбие адамдардың немесе халық ішінде киелі саналған кісілердің жерленген орындарыда жатады. Түркістан облысында “Шелтір ата”, “Оспан ата”, “Әңгір ата”, “Ақ бура”, “Қазығұрт ата” мазарлары сияқты киелі топонимдер кездеседі. Саяхат жасап келушілер мазарлардың басында құран бағыштап, ниет етеді.

Агиотопонимдердің үшінші лексикалық-семантикалық тобы – “кәсіби мамандық жебеуші иелерінің”, яғни исламдағы немесе құрандағы әулиелер, пайғамбарлар және дінмен тікелей қатысты болған киелі кісілердің есімдерінен жасалған топонимдер. Мысалы, Түркістан облысы Қазығұрт ауданында «Нұх кемесі» монументі кездеседі. Сонымен қатар, Түркістан облысында ислам пайғамбарларының ішіндегі «Кердәуіт» пайғамбарының есімімен қойылған Дәуіт деп аталатын мешітте бар. Бұл категориядағы агиотопонимдерді өз кезегінде теонимдер, яғни кез-келген пантеондағы құдайлар атауынан жасалған біршама географиялық нысандар қатарына жатқызуға болады. Дегенмен Түркістан облысында тек ислам дініндегі теонимге қатысты жер-су атауларын және географиялық объектілерді кездестіруге болады. Ал өзге пантеондар мен наным-сенім және діндерден шыққан теонимге негізделген агиотопонимдер кездеспейді. Агиотопонимдердің

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Ағабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

біршамасы архетиптік сипатқа ие, тек аңыз әңгімелер мен мифтік танымдағы киелі адамдардың есімі негізінде жасалады.

Осындай архетиптік тұлға ретінде қазақ мәдениетіндегі танымал бейне – Қорқыт ата. Қорқыт атаның кесенесі және мазараты Түркістан облысында болмағанымен, облыста осы архетиптік киелі есімге байланысты агиотопонимдер кездеседі. Нақтылай айтқанда, көше атаулары (годонимдер), Түркістан облысының бірнеше аудандарында оның ішінде Шардара ауданы, Жетісай ауданы, Отырар ауданы, Кентау қаласы және Түркістан қаласының өзінде Қорқыт ата көшелері кездеседі. Оған қоса Түркістан облысында агиотопонимдер қатарына жататын гидроним (бұлақ) атауыда кездеседі. Халықтың емдік қасиеті бар бұлақ болып саналатын, Келте-Машат өңіріндегі үлкен бір бұлақ Көз әулие деп аталады екен. Атаудың этимологиясына сәйкес бұлақ “қасиетті су көзі” деген мағынаны білдіреді. Атаудың шығу тегі аңыз бойынша, халық арасында Көз әулие ретінде танылған киелі кісінің түсінде бұл бұлақтың құдіреттілігі жайлы және емдік қасиеттері бар екені аян ретінде берілген. Сонымен қатар, Шақпақ ата деп аталады үңгірде Түркістан облысындағы киелі агиотопонимдердің бірі ретінде белгілі.

Түркістан облысында эортонимдер атауларының негізінде жасалған агиотопонимдерде кездеседі. Эортоним - христиан дінін уағыздайтын мейрамдар және шіркеулік мерекелер атаулары. Эортонимге негізінделген агиотопонимдік атауларға Вознесенка, Покровск, Троицкое, Новотроицкое, Воскресенское, Рождественское, Крестовское, Благовещенко, Преображенское т.б. жатқызуға болады. Түркістан облысында ондай христиан дініне байланысты агиотопонимдер кездеспейді. Тек, Ордабасы ауданындағы Благов көшесін “Благовещенко” ойконимінің модификацияға ұшыраған түрі ретінде қарастыруға болады[8,87б.]. Қазіргі кезде дәл осы түріне қатысты агиотопонимдердің болмауына қарамастан, Түркістан облысында кезінде Ақсай елді мекенінің өткен атауы Благовещенко болғанын атап өткен жөн.

Жалпы Қазақстан аумағы агиотопонимдерге бай аймақ. Біз осы мақалады бір ғана облыс көлеміндегі агиотопонимдерді тек ономастикалық бағыттан қарастыруға тырыстық. Ал агиотопоним дегеніміз қасиетті немесе әулие жандардың есімі географиялық объекттерді атауда қолданылатын топонимдердің лингвистикалық санаты екенін ескерсек, Солтүстік облыстардағы киелі саналатын орындар да арнайы зерттеуді қажет екенін айтуға болады. Агиотопонимдерді антрополог мамандарымен қосыла зерттеу бүгінгі күнгі өзекті мәселе болып отыр. Пайғамбар заманынан бері ұрпақтан ұрпаққа айтылып жеткен аңыз әңгімелер мен құлпытас, зираттары құнды, киелі, баға жетпес қазыналарымыздың бірі. Халықтың болмысын көрсететін дәйектердің бірі

Мақала Назарбаев Университетінің «» жобасы негізінде жазылған.

Агабекова Ж. Назарбаев Университетінің ассистент профессоры, Жоба жетекшісі С.Жайлау жоба зерттеушісі

агиотопонимдер мәдени-әлеуметтік таңба болып қала бермек. Менің ойымша, топонимдер тарихымыздың хаты іспетті. Оларды зерттеу, білу арқылы біз болашағымызды болжай аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алексеев В.И. (США, Нью-Йорк). Nomina sacra: Теолингвистические принципы в методике и теории исследования ономастики Божественного. www.ejournals.eu/pliki/art/6689/.
2. Муминов А.К. Орта Азиядағы қасиетті орындар.-Ташкент,1996.
3. Қазыналы Оңтүстік. Ғыл. кеңесші М. Мырзахметұлы - Алматы : Нұрлы Әлем, 2011
4. Камалова Ф.Б. Қазақстанның киелі жерлері. Докторлық диссертациясы. - Алматы, 2020.
5. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. - М., «Наука».1973.
6. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии,-М.,1988.
7. Әшімханова Ф.М. “Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі”. А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты. -А., 2007
8. Таспولاتов Б.Т., (2016). “Қазығұрт топонимдері”. М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті.

ҚАЗАҚ КӨРКЕМ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ПРЕЦЕДЕНТТІ АТАУЛАР

Алмагүл Әділова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Интертекстуалдылық мәселелерін зерттеушілердің пікірі бойынша, прецедентті құбылыстың символы ретінде көбіне прецедентті атаулар қолданылады екен.

Зерттеуші А. Ислам прецедентті атауларды былайша анықтайды: «Кейде мазмұнды еш өзгертпей-ақ не болмаса белгілі бір идиома ретінде қалыптасуға себеп болып, әрі қарай тілімізде қолданысқа түскен сондай типтегі жағдаяттардың өлшеуіш және бағалау мөлшері мен шамасы, параметрі бола алатын тарихи жағдайлар немесе тарихи бір кезеңде белгілі бір рөл атқарған, немесе, белгілі бір тұлғаның, көркем шығарма кейіпкерлерінің айтқан сөздері, аттары фразеологизмдердің негізін құрайды. Лингвомәдениеттануда ондай белгілі бір социумда белгілі бір мәдени ақпарат бекіген атауларды «прецедентті атаулар» деп атайды» [1:12]. Негізінен бұл пікірге келісе отырып, олардың бәрі бірдей идиома болмайтынын және олардың тілде тұрақталуы, фразеологизмдер қатарына өтуі түрлі объективті, субъективті экстралингвистикалық жағдайларға байланысты екенін көрсеткіміз келеді, яғни прецедентті атаулар көбінесе әр қилы антропонимдер мен топонимдерді қамтиды. Ал бұлардың құрылымы өз кезегінде тек бір немесе екі компоненттен ғана тұратыны айқын.

Прецедентті атауларды ономастикалық цитата деп есептесек, көркем шығармадағы ономастикон да мазмұндық-астарлы, мазмұндық-концептуалды ақпарларды қабылдауға ықпал ететін маңызды элемент.

Кез келген тілдің аса бір ерекше құнды хабар жинақталған, сақталған қабаты – ономастика. Ономастика жалпы алғанда нақты бір тұлғаның, құбылыстың, материалдық және рухани құнды нысанның атауын зерттейтін ғылым болғандықтан, өз ішінде бірнеше секторға бөлінеді және А.В. Суперанская көрсеткендей: «өз кезегінде жеке аймақ немесе өрістерге» ажыратылады [2:141]. Осы өрістердің ішінде ең көп зерттелгені және зерттелетіні антропонимика мен топонимика. Бұлай болатын себебі, бұл атаулар адаммен, оның іс-әрекетімен, шаруашылығымен тікелей байланысты, ал адам қазіргі кез келген ғылымның негізгі қарастырылатын нысаны екені даусыз. Бұл заңды да, өйткені: «Жалғыз ғана түпсіз нысан - адам. Ол туралы өмір бойы жазсаң да, тым аз ғана айтуға болады» [3:76].

Антропонимдер өз кезегінде жалқы есім, патроним, псевдоним, крепто-

ним деп бөлінсе, топонимдер ойконим, ороним, гидронимдерден құралады. Бұлардан басқа болмыс өмірімізде кездесетін реалионимдердің этноним, космоним, зооним, фитоним, артоним, фалероним, менсоним, хрононим сияқты түрлері бар.

Фалероним түрлі орден-медальдардың атауын біріктірсе, менсоним сөзімен азық-түлік сату, көпшілік тамақтану орындарын атайды, ал артонимдер тобына көркем өнер туындысының, әдеби шығарма, газет-журнал, кітап атаулары кіреді. Онимдер де, тілдегі басқа сөздер сияқты халықтың тұрмыс-тіршілігі, болмысы, ділі, рухани құндылықтарынан хабар беріп, өз бойында ғасырлар бойы қатталған ақпарды жеке тұрып та, белгілі бір контекске түсіп те бере алады. Әрине, өзі түскен контекске орай онимдер жаңа мағыналық байланыстарға ие болып, көркем шығармада түрлі стильдік қызмет атқарады, яғни «әдеби-көркем стиль жалқы есімдерді көркем шығармалардың түрлі жанрларында байқалатын эстетикалық қызметте өзектендіріп қолданады» [4].

Зерттеуші Е.А.Козицкая көрсеткендей: «Ономастикалық цитаталар – реминисцентті мазмұнды сақтап, қаттаудың және оны мәтінде жұмсаудың аса қуатты құралы» [5:91], демек, прецедентті атаулар мәтін түзуге, мәтін модальділігін құруға, бір сөзбен айтқанда, прагматикаға қызмет етеді.

Кезкелген көркем мәтіндегі кейіпкерлердің аты болсын, автор баяндауындағы басқа да жалқы есімдер болсын, бекерден-бекер қолданылмайды. Оларды қолдану арқылы автор түрлі стильдік мақсатқа жетуді көздесе, оқырман үшін де олардың ақпарлылығы сөзсіз, өйткені оқырман бұл прецедентті атаулар арқылы басқа мәтіндермен, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі оқиғалармен байланыс орнатып, ассоциация негізінде коннотация тудыра алады.

Жалпы қазақ тіл білімінде жалқы есімдердің көркем мәтінде қолданылуын қарастырған еңбектер қатарында Ә.Қайдардың, Е.Есбаеваның, Т.Әубәкірованың мақалалары мен Қ.З.Жаппардың [6], А.Паңгереевтің [7], диссертацияларын атауға болады. Е.Керімбаевтың монографиясы [8] мен авторлар ұжымы шығарған «Казахское слово в художественном тексте» [9] жинағының да ғылыми құндылығы сөзсіз. Соңғы жинақта орыс тілінде жазылған көркем мәтіндерде кездесетін қазақ онимдері туралы арнайы тарау бар.

Қазақ ақыны О.Сүлейменов шығармашылығындағы жалқы есімдерді көркем мәтіннің құрылымдық элементі ретінде зерттеген Қ.З.Жаппар былай дейді: «О.Сүлейменов поэзиясындағы жалқы есімдер – көптеген мағыналық байланыстары, күрделі ассоциациялары бар, көркем бейне құруда және шығарма мағынасының барлық тереңдігін сезінуде, автордың стилі мен көзқарасын танытуда маңызды рөл атқаратын өзіндік ерекше санат» [6:5]. Бұл пікірді басқа қаламгерлердің шығармашылығына да қатысты деп айтуға толық дәлел бар.

Онимдер ұлттық-прецедентті және универсалды-прецедентті болуы мүмкін. Ана тіліміздегі көркем мәтіндердегі жекелеген онимдердің интертекстуалды байланыстары ұлттық когнитивті базаны ғана қамтиды. Мысалы:

Ақыл мен бірлік еліне оралсаң еді,
Көп иттің қызып жүр қазір **Қодарша** кегі.
Тәңірің сенің көбейсін, сақтасын сені,
Тәңірге ұқсас қыла гөр содан соң мені. (Ж. Жақыпбаев)

Таңымның аппақ үміті, ойы едің,
Күлімді көкке ұшырдың.
Күн астындағы Күнікей едім,
Несіне төмен түсірдің? (Г. Салықбай)

Тауықсыз-ақ таңымыз атар деппін,
Махаббатты мәңгілік мақам деппін.
Менің құсым, бауырым, -
Сенің құсың
Қызғыш құсы емес ол **Махамбеттің!** (Ғ. Жайлыбай)

Көңілдерден қуатын түнді мүлде,
Өңірлерден қуатын түнді мүлде
Күн шығады **Кеңсайдан**.
Кеңсай ғой ол!

Кеңсай жаққа қарай жүр тірлігінде. (Е. Раушанов)

Бірінші мысалдағы Қодар қазақ ауыз әдебиетінен белгілі кейіпкердің аты, ал Ж.Жақыпбаев оны кең контекстке түсіріп, халқымыздың болмыс-бітімін, ар-намысын, еркіндігін жоққа шығарып, өзіндік бет-бейнесінен айыраp күштерді, тіпті идеологиялық қысымды көрсетеді деуге болады, яғни бұл антропоним семантикасындағы жағымсыз мән күшейіп, кеңейіп, әлеуметтік жағдайдың бағалауына айналған.

Г.Салықбай өлеңіндегі Күн астындағы Күнікей оними халық ертегісінен жақсы таныс болғандықтан, оқырман ойында сол ертегімен ассоциация тудырып, лирикалық кейіпкердің қайшылықты бейнесін көрсетеді, айта кететін бір жайт – прецедентті атау өлеңнің ұйқас, ырғағына қарай қысқартылып берілген.

Ғ.Жайлыбай мен Е.Раушанов өлеңдеріндегі антропоним, артоним және топоним қазақ тілінде білім алған барлық оқырманға таныс, тек Ғ.Жайлыбай контексті мен Махамбет өлеңінің семантикасы айқын қайшылықта, ол прецедентті мәтін атауының еш маркерсіз берілуі, «емес» етістігіндегі үзілді-кесілді болымсыздықтың үстемеленуі арқылы танылады.

Ал Е.Раушановтың соңғы шумағында қайталанып келген Кеңсай сөзі, оның инверсиямен берілуі, интонациясы бұл топонимнің өлең семантикасын қалыптастырар мағыналық ұйытқы сөз екенін көрсетеді.

Келтірілген мысалдардағы онимдер ұлттық мәдениетке, ұлттық әдебиетке қатысты болғандықтан, оқырманға автор тарапынан түсініктемені қажет етпейді. Ал әлемдік білім аясымен байланысты көрсететін интертекстер мәтінді түсінуді қиындатады. Мына мысалдарға назар аударайық. А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесіндегі ұлыорыстық шовинизмді ашық насихаттап, содан айрылғысы келмейтін кейіпкер сөзі арқылы көрінетін интертекстуалды элементті түсінуде мектепті өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғынан бері бітірген оқырмандарға қиындық тууы мүмкін: **«Қоңырауын қайдағы бір Герцен қақты екен деп мұрны қисайған Черняев жоқ деді Крейгель»**. Өз кейіпкерін сөйлеу субъектісін сатылап өзгертіп, басқа персонаждың сөзі арқылы мінездеп, даралауға пайдаланса да, прецедентті атауларды таныту үшін автор оқырмандарына жеңілдік жасамайды, яғни оларды не графикалық тұрғыда, не пунктуациялық тұрғыда ерекшелемейді. Осы мысалдағы антропонимдер мен «Қоңырау» артонимі ХІХ ғасырдағы қазақ, Ресей қоғамдары үшін маңызы зор үш бірдей тарихи оқиғадан хабар беретін прецедентті атаулар. Себебі Лондонда А.И.Герцен шығарып тұрған «Қоңырау (Колокол)» журналында уағыздалатын демократия, ұлттық бостандық, халықтар теңдігі ұғымдарын белінен басқан генерал Черняевтің патша үкіметі атынан жүргізген отарлау кампаниясы қазақ жерін күшпен басып алудың, бағындырудың басы болатын. Бұл интертекстуалды байланыстарды орнату үшін оқырмандардың кейінгі буындарына біраз ойлану, анықтама материалдарды қарау қажет немесе олар бұл аллюзияларға мүлде көңіл бөлмей де өтуі ықтимал. Бұл орайда мына пікірді еске сала кету артық емес: «Адресатқа басымдық берген автор әдетте прецедентті мәтінді, прецедентті феноменді қолданарда олардағы кодқа салынған ақпараттарды адресаттың аша алатынын / аша алмайтынын бажайлап алады. Егер кодқа салынған ақпарат оқырман үшін белгісіздеу болуы мүмкін десе, ондағы тасаланған ақпаратты ашу үшін автор қосымша деректер беру тәсілін қолданады» [10:249]. Келесі мысал - осының дәлелі: қаламгер өз оқырманының тілдік-мәдени кұзіретіне сенімді емес, сондықтан бұл прецедентті атаудың қалай пайда болғанын түсіндіре кеткенді жөн санайды: «-Әй, сен өзі үркіп тұрсың ғой. Мен қарғыс атқан *Хиросиманың «Хибакуясы»* емеспін. Қорықпа...» (М.Сүндетов). Әрине, барлық шығармаларда автор тарапынан мұндай түсініктеме беріле бермейді, өйткені олар өз шығармаларын тезаурусы өздерімен шамалас адамдарға лайықтайтыны психолінгвистикада дәлелденген. Прозалық шығармаларда интертекстер авторлық баяндауда да, кейіпкерлер сөзінде де кездеседі.

Поэзиялық шығармалардағы онимдер өздері контексінен алынған мәтін туралы хабар беріп, өзі енгізілген мәтінмен метонимиялық байланыста болуы заңды. Мысалы, Г.Салықбай «Шайхы» деп аталатын өлеңдер топтамасына Қожа Ахмет Иассаuidiң бүкіл жұртшылыққа белгілі шығармасының атауын жартылай маркерлеп енгізген:

Шайхылардың шайдай ашық аспанын,
Көрер ме едің көрдей мұңның басқанын.
Шайхылардың шаң баса алмас іздері
Сөйлетеді *«даналықтың дастанын»*.

Өлеңнің екінші шумағындағы артоним шайхы бейнесін ассоциативті-символды түрде көрсетеді, өйткені ол фрагмент арқылы қаламгер де, оқырман да Ахмет Иассаuidiң өмірі мен шығармашылығын біртұтас контекст деп есте ұстап отырады. Иассаui контексіне сілтейтін аллюзивті реминисценция лексикалық, синтаксистік деңгейде оңай танылады: *көрдей мұң, сол себептен 63-те жерге кіру, пенделіктің қуысы*.

Жалпы алғанда, қазақ поэзиясында жалқы есімдерді өз шығармашылығында қолданбайтын ақын кемде-кем. Алайда, антропоним, топоним, артонимдерді ең көп қолданатын ақын деп С.Ақсұңқарұлын айтуға болады. Бұл қаламгер өз өлеңдерінде публицистика мен лириканы ұштастырып, қоғам, халық үшін ерекше маңызды мәселелерді асқан бейнелілікпен, әсерлілікпен көз алдыңызға әкеледі. Бұл орайда ақынға прецедентті атаулар көп көмектеседі. Мәселен, ақынның «Белгісіз солдаттар» атты өлеңінде 23 оним кездеседі. Ұлттық және әлемдік білім аясынан алынған бұл прецедентті атаудың қай-қайсысында болсын, адамзат өркениеті басынан кешірген ұзақ уақытты қамтитын тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, мәдени ақпар жинақталған, ол автордың субъективті көзқарасымен, өлеңдегі мағыналық ұйытқы сөздер тобымен бірлікте эмоционалдық мән-мағынасы жоғары мәтін түзуге мүмкіндік береді. Олардың әрқайсысының өзіндік атқарып тұрған жүгі бар.

Прецедентті атаулар ішінде түрлі теонимдер мен топонимдердің де жиі кездесетінін айта кету артық емес. Мәселен, *Мұса – Ой, босқан, босқан, босқан құсалы елім, Тақырға тары шаштым - мысалы оның, Тар заман, Тақыс заман, Тарғыл заман, Табылмас перғауыны Мұса ма едің?* (Е.Раушанов); *Сүлеймен - Саусағымен бірнеше жаз гүл іліп, Күйлер шертіп нәзік қана дірілмен, Көк шалғынмен самал өтті жүгіріп, Сүлеймендей су бетімен жүгірген* (Ж.Жақыпбаев); *Алтай – Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ, асқан жандар – батыр, хандар ұмтылды* (М.Жұмабаев); *Түркістан – Сөз бейнелі даналықты оқып әр, Жетім көңіл маңырап да, отығар. Түркістанға түн ала алмас түр берген Құдай құлы – шайқы атанған сопылар...* (Г.Салықбай); *Беломор канал*

- *Өкпе де ме екен, наз ба екен, Біздей де заріп аз ба екен. «Беломор каналды» сен шектің, Беломор каналды қазды әкем* (Е.Раушанов).

Қарастырылған мысалдардың бәрі социумдық-прецедентті және ұлттық-прецедентті құбылыстар туралы хабардар етсе, кейбір прецедентті атаулар – жалқы есім әлемдік білім аясынан алынады.

Антропонимикаға жақын өрістің бірі – мифонимдер. Бұлар көне грек, рим мифологиясы арқылы жақсы таныс болғандықтан, реминисцентті сипатқа ие, яғни көптеген мифологиялық сюжеттің бір бөлшегі ретінде, сол сюжет, оқиға, құбылыс туралы ассоциация тудырып, өзі жаңадан кіргізіліп отырған шығарманың семантикасын байытып, кеңейтіп, бір тұтас түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Бұл мифонимдердің жалпы сипаты, белгілері, әдетте, мәтін авторына да, оқырманға да белгілі, ортақ болып келеді. Сондықтан да көптеген мифонимдер ұлттық әдебиеттерде мәтінаралық байланыстардың көрсеткіші ретінде танылады. Қазақ әдебиетінде де бұл үрдіс жиі кездеседі.

Бұл орайда уақыт, кеңістік жағдайы бір-бірінен мейлінше алыс, ділі, тілі мүлде ұқсамайтын, қабыспайтын халықтар мифонимдерінің ұлт тілінде жазатын қаламгерлер шығармашылығында кездесуі және олардың вербалдану парадигмасы интертекстуалдылық тұрғысынан ерекше назар аудартады.

Мифонимдердің ұлттық әдебиетте қолданылатын себебі сол, «Прецедентті атаудың детонаты қиялдағы, елес тұлға» [11:121], яғни ерекше тұлға. Зерттеушінің көрсетуінше, психологияда ерекше тұлға деп жеке, шын болмыста өмір сүрмейтін, бірақ адамдар санасында ақиқат тұлға сияқты елестетілетін тұлғаны атайды. Бұл ерекше тұлғаға адам еліктейді, соған ұқсауды мұрат тұтады, өзінің барлық іс-әрекетін соның ісімен, мінез-кұлқымен салыстырып, баға береді, сол туралы көркем өнер туындыларын жасап, әдеби шығармалар жазады. Адамдардың бүтін бір ұрпақтары осы тұлғалар үлгісінде тәрбиеленеді. Әдетте ерекше тұлға ретінде мифтік бейнелер, көркем шығармалар кейіпкерлері аталады. Мәселен, *Антей* – көне мифологияда алып күштің иесі, ол өзінің осы қасиеті арқылы қалың көпшілікке белгілі. Ұлттық ауыз әдебиетіндегі *Шық бермес Шығайбай, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Жиренше*, жазба әдебиеттегі *Тогжан, Ербол мен Меңтай* есімдері ана тілінде оқыған кез келген азаматтың аялық білімінде орныққан. Ал кейінгі қазақ әдебиетінде, оның ішінде поэзиялық шығармаларда кездесетін *Дарига* (М.Мақатаев), *Ләйлә* (Ж.Жақыпбаев), *Ғалия* (С.Ақсұңқарұлы) есімдері бір кезде өлең арналған нақты нысаннан ажырап, дерексіз, жиынтық бейне атауына айналып кеткені де шындық. Қазір бұлар өмір, махаббат, қол жетпес арманды вербалдайтын концепт ретінде қаламгерлердің ментальділігін әр қырынан көрсететін прецедентті атау. Ақындардың кейінгі буындары үшін бұл атау-есімдер жоғарыда аталған сөз зергерлерінің тұтас шығармашылығының орнына жүретін таңба ретінде қызмет етеді. Мысалы:

Өкініп
 Өкси бастап фәни басын,
 Өлгенше іздеді ақын «... *Даригасын*»
 Өмірден өтті-кетті Мұқағали,
 Қайырып қара өлеңмен кәлимасын. (С.Адай)

Жоғарыдан жымиясыз –
 жайлы өңді...

Ләйлә өмірді, жирен атты сүйесіз.

Сіз бен біздей жақсы аға-іні қайда енді,

Ақындардың патшалығы - иесіз... (Г.Салықбай)

С.Адайдың өлеңінде прецедентті атау тырнақшаға алынып, цитата екені ажыратылса, Г.Салықбай ешқандай қосымша маркермен ерекшелемеген.

Әлем әдебиетінде кең тараған прецеденттік атау – мифонимнің бірі – Прометей. Бұл мифоним антикалық дәуірден бері адам, оның қайтпас қайсарлығы, азапқа шыдамдылығының символы ретінде белгілі. Олимп тауларынан отты ұрлап алып, жер бетіндегі адамдарға бергені үшін жан төзгісіз мәңгі азапқа бұйырылған Прометей көптеген қаламгерлер үшін өз кейіпкерін даралаудың формасы мен әдісіне айналған, ал оқырман осы прецеденттік атаумен ассоциация негізінде көркем шығарманың мазмұндық-астарлы, мазмұндық-концептуалды ақпарын қабылдауы, түсінуі қажет.

Кез келген прецеденттік атау – жалқы есім зерттеушілер пікірінше [2; 11], өзіндік құрылымға ие. Прецеденттік атау құрылымының орталығы, ядросы – қабылданатын прецеденттік атау инвариантының дифференциалды белгілері, яғни бейненің сыртқы ұқсастығы мен мінез-құлықтағы ұқсастық, сәйкестік, сондай-ақ прецеденттік жағдай, ал оның перифериясында атрибуттар орналасады. Сол себептен де прецеденттік атауда жинақталған, сақталған, қатталған ақпар қаламгерлерге оларды өз ой елегінен өткізіп, өз тарапынан жаңа қосымша мән үстеп, түрлі контекстерде әр қилы жаңа, бұрынғыдан өзгеше образ жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетінде *Прометей* прецеденттік атауының әлеуетін көптеген ақындар өз шығармашылығында пайдаланады. Мысалы, Қ.Аманжолов атақты «Ақын өлімі туралы аңыз» өз кейіпкері Абдолла Жұмағалиевті Прометейге теңейді. Бұл мифонимнің оқырман ойында актуалдануы оның бірнеше дифференциалды белгісі мен атрибутына, яғни прецедентті атаудың ядросы мен перифериясының вербалдануына байланысты – Прометейдің адамдарға өз еркімен көмегі, өзінен күші басым құдайларға қарсылығы, жанкешті төзімділігі және оның қолындағы от, оның шынжырда, демек, қыспақта болуы. Қаламгер суреттеуінде қолында гранатасы бар ақынның сыртқы іс-қимылы,

от қоршауында қалуы, оның адамзаттың жоғары идеяларына шын мәніндегі сенімі, яғни адамдарға көмегі, сол жолдағы азабы Прометей бейнесі арқылы танылып, Абдолланың ерекше рухты, ерекше қажырлы образы жасалған. Поэманың мазмұндық-нақты, мазмұндық-астарлы, мазмұндық-концептуалды ақпарлары оптимистік трагедия модальділігін түзеді:

Шұғыла шалған кешкі бұлттай,

Толқын шашта оттар ойнап,

Өрт топанын кешіп Нұнтай

Тұрды ұқсап, тұрды кейде

От ұстаған Прометейге.

Дәл осы мифонимді қолданған белгілі ақын Ф.Оңғарсынова «Жерошақ» өлеңінде прецеденттік атаудың өз бойына жинақтаған басқа бір белгісін өзектендіреді, ол – Прометей бойындағы қайырымдылық. Осы дифференциалды белгіні локальды кеңістік пен уақытқа түсірген ақын өз анасының көтеріңкі образын жасауға қолданады:

Есімде - анам көмген жерошақтан,

Ертемен от алуға жұрт келетін.

Мезгілің озған сайын жыл ескіріп,

Әр үні бал шағымның жүр естіліп:

Анашым Прометей боп көрінетін

Ошақтан жатқанда отты үлестіріп.

Ақын контекстінде өмір концептосферасына кіретін ұлттық тұрмыс артефакті негізінде Прометей прецеденттік атауының бір дифференциалдық белгісі – адамдарға ақы-пұлсыз от, жылу алып беру, сол арқылы қайырымдылық вербалданған. Ол эксплицитті түрде **үлестіріп** сөзінің архисемасымен берілген, яғни прецеденттік атауды қабылдаудың инварианты ұлттық бояумен толықтырылып, оқырман қабылдауын жеңілдетеді.

Байкалып отырғанындай, қаламгер прецеденттік атаудың ядросы мен перифериясынан өзі қажетті деп тапқан бір немесе қатарынан бірнеше белгіні өзектендіріп, вербалдайды. Соңғы мысалдағы образда прецеденттік атау құрылымындағы Прометеймен сыртқы ұқсастық, азапқа төзімділік, өзінен күштілерге қарсы тұрушылық сияқты жағымсыз сезімдермен ұштасып жататын дифференциалды белгілер мүлде ескерілмеген, ол заңды да, өйткені ақын контексті тек мелиоративті модальділікке негізделген.

Есімі қалың көпшілікке белгілі С. Ақсұңқарұлы шығармашылығында бұл мифоним екі жақты берілген. Оның ертеректе жазған «Россия. 1917-нің күзі» поэмасында төмендегі жолдар бар:

17 болып келдің сен,

Шашу – жолыңа:
 Адамның ҰЛЫ БАСЫ МЕН АЛЫП ҚОЛЫНА
 Жалт қарады әлем!
 Жаһан нәсері селдеді!
 ПРОЛЕТАРИАТ – ҒАСЫРДЫҢ **ПРОМЕТЕЙЛЕРІ!**
 Сүюге – құрбан! Күюге туған пенде еді:
 Маркске сенді –
 Құдайға ғана сенбеді!

Кеңес үкіметі тұсында жазылған поэмада интертекстуалды элементтердің бірнеше түрі – аллюзия, реминисценция, цитата – бар: «Авгейдің атқорасы», В.Г. Белинскийдің «Гогольге хаты», Маркс, Гитлер, Будда, Христос, Мұхамед, Блоктың «Пайғамбары», Париж, «қанды жексенбі», Лермонтов, Құдайға сенбеу. Ақын қолданған прецеденттік атаулардың әрқайсысы метонимиялы түрде күрделі біртұтас құбылысты сипаттайтындықтан, поэма семантикасына өз бойларында сақталған, қатталған коннотацияны үстеп, семантикасы, модальділігі мейлінше ауқымды мәтін тууына ықпал еткен. Ақын графикалық тәсілдер ақпараттылығын да сәтті пайдаланған.

Поэмада Прометей мифонимінің дифференциалдық белгілері өзектенуі нәтижесінде пролетариаттың трагедиялық жағдайы алға шығарылады.

Осы мифоним автордың тағы бір «Прометей алауы» өлеңінде қолданылған. Прецеденттік атау өлең тақырыбына шығарылған. Негізгі мағыналық ұйытқы сөз **алау** арқылы жарық пен қараңғының қақтығысы шешілген, яғни Прометей қолындағы алау суық, еш сәулесіз әлемге тіршілік беріп, басынан өткізген ешқандай азап-қасіретке қарамай, адамзат өмірін жалғастыра беретінін көрсетеді. Өлеңнің соңғы жолдарында лирикалық кейіпкер – субъектінің көрінуіне байланысты прецеденттік атаудың когнитивті сипаты бұрынғыдан да кеңейіп, жан-жақты айқындала түседі:

Тіл алмайтын баламын мен, көресімді көремін,
Прометей алауымен өртенеді өлеңім.

Өртенеді өзегім де өзге затты жат қылып,
 Кең дүниені кеземін де, өтемін **от лақтырып**.

Ақын өлеңінде мифологиядан белгілі дәстүрлі оттың алаумен алмастырылуы кездейсоқ емес: алау сөзінің семантикасындағы жағымды мән, жарықтың молдығы, қамтитын кеңістігінің ауқымдылығы лирикалық субъектің поэзияға көзқарасын ерекшелесе, соңғы жолдағы от сол поэзияның бір бөлшегі - өзін көрсетеді.

Ауыспалы осы шақтың әр жолда қайталануы мифонимде жинақталған ақпараттың мәңгілікпен ұштасып жатқанын және мәтін континуумын танытады.

Байқалып отырғандай, бір ғана прецеденттік атауды қаламгерлер өз

объектілерінің түрлі ерекшеліктерін айқын көрсетуге, даралауға, толықтыруға пайдаланады. Мифоним-прецедентті атаудағы ұғым ұлттық ділмен қабысып, эмоционалды әсер-қуаты айрықша мол тосын образ жасайды. Келтірілген үзінділердің барлығында авторлар прецеденттік атау инвариантының негізгі дифференциалдық белгісі – іс-әрекеттің сыртқы ұқсастығын пайдаланғанмен, Прометейдің жеке-жеке ерекшеліктерін өзектендірген. Ал бұның өзі әр авторға прецеденттік атау негізінде төрт түрлі ерекше тұлға жасауға мүмкіндік берген: адамзатты неміс фашистерінен құтқару жолында қаза тапқан қайсар ақын; ыстық мейірімімен тек өз балаларын ғана емес, бүкіл ауылды жылытатын ана; тарихтағы жасампаздығымен қоса қасіретті, сондықтан да екіжақты орнын әлі де толық сезініп болмаған жиынтық бейне – пролетариат және адамзат өркениетінде өз ізін қалдырғысы келетін ақын. Бұл – мифоним-прецеденттік атаудың танымдық сипаты, әлеуеті әр ұлт тілінде жаңа реңктермен толығып, байып, семантикалық ауқымы ұлғая, кеңейе түседі деген сөз.

Жалпы, прецедентті атаулар көркем мәтіндерде сілтемелік, мәтінтүзушілік, айшықтаушы, бағалауыштық, паролдік қызметте жұмсалады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004. – 52 б.
2. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – 246 с.
3. Моэм С. Подводя итоги. – М.: Художественная литература, 1989. – 401 с.
4. Фоякова О.И. Имя собственное в художественном тексте. – Л.: Изд. ЛГУ, 1990. – 157 с.
5. Козицкая Е.А. Цитата, «чужое слово», «интертекст»: Материалы к библиографии // Литературный текст: проблемы и методы исследований. Выпуск 5. – Тверь: Изд. ТГУ, 2000. – С. 91.
6. Жаппар К.З. Эстетические функции имен собственных в поэзии О.Сулейменова: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 26 с.
7. Пангереев А. Жер-су атауларының поэтикасы. - Ақтөбе, 1996. – 126 б.
8. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.
9. Казахское слово в русском художественном тексте. – Алматы: Ғылым, 1990.
10. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дисс. – Алматы, 2007. – 357 б.
11. Чумак-Жунь И.И. Художественный текст как феномен культуры: интертекстуальность и поэзия. – Белгород, 2003. – С.3

ҚЫЗЫЛЖАР: ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЙДА ЕДІҢ?

Зарқын Тайшыбай

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің
профессоры*

1921 жылы 16 ақпанда Қазақ ОАК-інің шешімімен Ақмола және Семей облыстарын Қазақстанға қосатын және олардың басқару аппаратын жасақтайтын Төтенше өкілдігі бар комиссия құрылды. Комиссияның төрағалығына С.Мендешев, мүшелігіне С.Сейфуллин, Ә.Досов, Ғ.Әлібеков, П.Заромский кірді. Төтенше Комиссия жайында Ереже бекітілді. Бұл жөнінде С.Сейфуллинге берілген № 654 мандатта: «Қазақ ОАК-і Президиумының мүшесі С.Сейфуллин Ақмола және Семей облыстарын қабылдап алатын және оларды басқару аппаратын құратын Төтенше – Өкілетті Комиссияның мүшесі. С.Сейфуллиннің құқы мен өкілеттілігі Қазақ ОАК-нің I сессиясында қабылданған комиссия туралы Ережеге сәйкес белгіленді» – делінген. С.Сейфуллиннің мұндай аса жауапты мемлекетаралық мәселе шешетін комиссияға мүше болуы кездейсоқ емес. Себебі, Қазақ республикасы аумағының тұтастығын қалпына келтірудегі көкейкесті мәселені шешуде С.Сейфуллин бұған дейін республикалық Әкімшілік комиссиясының құрамында істеген және Жер комиссиясын басқарып, тәжірибеден өткен, Ақмола және Семей облыстарының тарихи-этникалық және географиялық жағдайын жақсы білетін, мұның алдында осы мәселе жөнінде Орталықтағы басшылармен сөйлесіп кеңес алған, мойнына алған істі аяғына дейін жеткізе алатын табанды қайраткер болатын.

Құрылтай съезінің шешімдеріне қарамастан, жаңадан ұйымдасып жатқан Қазақ Республикасының солтүстік-шығыс аумақтарына қатысты түйткіл мәселелер 1921 жылдың басында да шешіле қоймады. Осыған байланысты 17 наурызда Ә.Әйтиевтің қолымен Мәскеудегі жоғары билік органдарына Сібірревкомның іс-әрекетіне наразылық хат жолданды. Сол кезде қазақтың бір сүйем жері үшін жан сала күрескен қайраткерлердің еңбегін көзге елестету үшін мына құпия құжатқа көз салайық.

Қазақстан Орталық атқару комитетінің (КазЦИК) сондай-ақ, Қазақстан шегарасын реттеу туралы төтенше комиссияның төрағасы Сейітқали Мендешев 1921 жылы 19 наурызда Петропавлдан Мәскеуге жолдаған шұғыл жеделхатында былай делінген: **«Құпия. Мәскеу. Қазақстан өкілдігіне.**

БОАК мүшесі Мырзағалиевке. Шегара жөніндегі пікірім мынадай: Семей губерниясы, Ертіс және Павлодар аудандарын Қазақстанға қалдыру жөнінде табанды болыңыз. Ал, Омбы қаласын Қазақстанға қосу жөнінде мәселе асқынатын болса, күштемей-ақ қойыңыз. Қазақстанның Ертіске шығуы (яғни, Ертіске қол жеткізу.-З.Т.) туралы ұсынысымызды өткізу қажет. Ең болмаса, Омбы уезінің қазағы басым бөлігін алып, Ертіске қол жеткізумен шектелуге болар. Есіңізде болсын, бұл мәселені федералдық биліктің алдына қойғанда: «Бұл қазақтар Омбы уезінде қалса, сөзсіз қырғынға ұшырайды, біз оларды аман сақтап қалуға күш салып отырғанымызды жеткізіңіз» [1].

1921 жылдың 19 наурызында Төтенше комиссия мүшелері Петропавлға келді, одан кейін Омбыда Сибревкоммен екі жақтың 10 адамынан біріккен комиссия құрылып, 26 наурыздан 12 мамырға дейін жұмыс жасады. Комиссияның техникалық органы ретінде комиссия құрамынан бюро құрылып, оған жауапты хатшылыққа Михеев тағайындалды. Комиссияның ұйғаруымен таяу арада қосылатын екі облыста кеңестер сайлауына дайындық жұмыстарын жүргізу қаралды. Сәкен Сейфуллинге еңбекші қазақ халқына кеңестер сайлауына байланысты үндеу жазып, оны газет бетіне жариялау және жемқорлық пен парақорлықты болдырмау кеңестік органдардың бақылауында екенін атап көрсету тапсырылды.

1921 жылдың 12 мамырына дейінгі аралықта комиссия 6 рет, бюро мәжілісі 15 рет жиналды. Бастапқыда ұйымдық мәселелерде келісімге келгенімен, мемлекетаралық шекараға байланысты мәселеде Сібір ревкомының өкілдері шовинистік, ұлтшылдық пиғылдарын айқын көрсетті. Өте тартысты жағдайда өткен 1921 жылғы 7 сәуірдегі біріккен комиссия мәжілісінде екі жақтың мүдделері қайшы келді. Мәжіліске Сібірревком жағынан Чуцкаев, Михеев, Дубровский, Темкин, Шиша, қазақтардан: Меңдешев, Сейфуллин, Заромский, Досов, Әлібеков, Сергеев, Әйтиев, Попов қатысты.

Совет өкіметінің алғашқы айларында Қазақстанға тиесілі жерлерді түгендегенде, Республика билігінің назарында бұрынғы Омбы облысы да болғанын осыдан көреміз. Өйткені, патша заманында-ақ. Омбы уезінің жері ХХ ғасырдың басында басқалармен салыстырғанда шағын болды, яғни 41 049 шаршы шақырым. Мұның 77 проценті қазақтардың үлесінде екені көрсетілген [2]. Бұл уезінде бұрынғы Көкшетау округінің: Бағы-Бағыш, Ақты-Мөңтік, Сары-Қарауыл болыстарынан, Ақмола облысының: Төлеке-Құрсары-Керей, Малай-Бақтыбай-Құрсары-Керей, Құлатай-Қыпшақ, Қанжығалы болысының 65 шаңырағы және Баянауыл округіндегі қанжығалының 40 түтіні қосылды.

Омбы уезінің негізгі халқы Орта Жүздің арғын, қыпшақ және керей тайпаларының қазақтары еді.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін қазақтардың қауқары кеміп, ата қонысынан ығыстырылып, өңшең шөлейт қырға қоныстана бастағаны, әсіресе, дәл осы кез екендігін атап кеткіміз келеді. Жоғарыдағы деректерде «қазақтарға тиесілі» деп тіркелген жерлер аумағы жағынан өте көп көрінгенімен, адамдардың тіршілік-шаруашылығына қолайсыз, құнарсыз жерлер болатын. Оның бір ғана айғағын Ертіс, Есіл, Нұра, Тобыл өзендерінің екі жағалауындағы топырағы құнарлы, сулы-нулы аймақтардағы жер-қоныс атауларының арасында басқа тілдегісі басым, қазақшасының осы уақытқа дейін сирек екендігінен-ақ білуге болады. Мұндай шұрайлы жерлерді басып алған жат жұрттық «қоныстанушылар» кейін дауға қалмас үшін сол жерлерді өз қалауынша тезірек орысшалап, «шоқындырып» жіберген. Демек, қазіргі бізден гөрі, топонимикаға сол кездің өзінде миаңыз берген, санаға сіңіре берудің жолын іздеген.

Қазір байқап отырсаңыз, керісінше, егін шықпайтын, тастақ, суы соран немесе ащы, қырға қарай, қазақша атаулар көбейе береді. Бұл жағдай әлі де сол күйінде, өзгерместен сақталып отыр. Себебі, бұл жерлерді «еуропалық ұлт өкілдері» мекендеп келген.

Көп ұлтты империяға айналған Ресей ХҮІІІ ғасырдың аяғында, Абылай хан дүниеден өтісімен-ақ, қазақ қоғамының көсемсіз қалған жағдайын басынып, қазақ елін мемлекеттік тұтастығынан айыру, сол арқылы қазақ жеріне баса-көктеп ену саясатын жүйелі және мақсатты түрде жүргізді. Уақыты келді-ау дегенде 1822 және 1868 жылғы реформалар нәтижесінде Ресей өкіметі қазақ даласында әскери-феодалдық басқару жүйесін орнатты.

Соның салдарынан өзін-өзі қорғау қабілетінен айырылған қазақ қоғамы Ресей империясының экспансиялық саясатына жалпыұлттық деңгейде қарсылық көрсете алмады. Оның мәнісін Абай атамыз айтып кеткендей, «Бас-басына би болған өңшең қықым...», «Арқаға ұлық қаққанға мәз болған парақор болыстар...» билікке келген болатын. Сөйтіп, қазақ халқы ғасырлар бойы қан төгіп, қорғап келген жерінің ең құнарлы, шаруашылыққа қолайлы бөлігінен бірте-бірте айырылды. Патша әкімшілігі тәуір жерлерді «артық жер», «көшпелі және отырықшы норма», «жерге орналастыру» сияқты әдістерді қолданып, тартып алды [3].

Әлбетте, бұл кездейсоқтық емес еді. Ресей патшалығының біртіндеп, мемлекеттік деңгейде жүргізген отарлық саясатының нәтижесі осындай. Тіпті, бертін келе, ХХ ғасырдың басында да Қазақстанның барлық аймақтарындағы құнарлы жерлерді түгелге дерлік қазақтардан тартып алғаннан кейін де, бұл мәселеге шектеу жасалмады. Мұның бәрі жер-су атауларының жаппай өзгеріп, ежелгі иелеріне жат болуына әкеп соқты.

1907 жылы Петербургте қазақтардың жер мәселесі бойынша наразылық

арыздары көрсетілген «Қарқаралы петициясы» қаралғанда, Ресей егіншілік департаментінің директоры Крюков, қазақтарға жауап ретінде мына сөздерді айтқаны тарихтан белгілі: «Америкалықтар үндістерді туған жерінен шөл және шөлейт жерлерге қуып, қандай саясат жүргізсе, бізде қазақтарға сондай саясат ұстануымыз керек» [4].

Қазақстанның солтүстік аймағының географиялық жағдайы мен мекендеген халықтың ұлттық құрамына байланысты бұл өңірде жер-су аттарының орынсыз өзгеріске түсуінің тарихы мүлде әріден басталатынын айттық. Ресей отаршылығымен бетпе-бет келген өңірдегі қазақтардың тілі мен діліне, ұлттық салт-санасына нұқсан келтіре отырып, жергілікті халықты маргиналдық санадағы тобырға айналдыру екі жарым ғасыр бойы империялық саясат негізінде жүйелі түрде жүргізілді.

Зерттеуші В.Н.Алексеенконың жинаған деректері бойынша 1870-1906 жылдар арасында, яғни 36 жыл бойы Қыр өлкесіне Ресейден ауып келгендер саны 521 мың адам болса, Столыпин реформасы деп аталатын 1906-1914 жылдарда ғана 714 мың адам қоныс аударған...Осылайша, 1910 жылдың өзінде Ақмола облысына Екатеринослав, Полтава, Самара, Харьков Херсон губернияларынан екі жүз мыңдай қарашекпен көшіп келді. 917 жылғы мемлекеттік мәлімет бойынша Ақмола облысында славян нәсілді жұртшылық 882 мың 300-ге жеткен екен [5].

Қоныс аударушылар қазақ жеріне аяқ басысымен, сол жерге өз тілінде ат қоятын. Сөйтіп, ежелгі Ащыкөл, Тұщыкөлдер – Горькое, Пресное болып шыға келді.

Мысалы, қазіргі Мамлют ауданының орталығы Мамлютка қаласының атауы жөнінде мынадай мағлұматтар анықталды.

Ресей империясының 1822 жылғы «Сібір қазақтары жөніндегі» Жарғы (Сперанский жарғысы) бойынша Қазақстанның солтүстік өңіріндегі әкімшілік өзгерістердің заңды жалғасы ретінде 1824 жылы 29-сәуірде Көкшетау сыртқы округі құрылғанын айттық. Округ немесе дуан құрамына кіретін қазақтар алдымен «Ақ патшаға» адалдық антын беруге тиіс болды. Ол үшін орыс әкімшілігінің өкілдері Көкшетауға өздерімен бірге бірнеше татар молласын ала келген. Олардың ішінде бұл өңірмен Абылай заманынан бұрыннан қарым-қатынасы бар, мал саудасымен айналысатын Усман Мәулітов деген молла да болған. Ол Жылғара Байтоқиннің «тамыры», яғни жақсы сыйласқан досы екен.

Көкшетау дуанының аға сұлтаны Ғұбайдолла Уәлиханұлы Усман молланы бала оқытуға шақырып, қоныс беруге уағдаласады. Сол Усман Мәулітов 1830 жылғы наурызда Рысай-атығай болысының аумағына көшіп келеді. Оған Есіл өзенінің жағасында, Новоникольск рудутынан қырық шақырым жердегі

«Тасыбек тоғайы» деген жерден үй салуға, Қарағаш деген жерден (Кіндікті, Талдыкөл, Жалтыркөл маңайы) пішен дайындауға жер кесіліп беріледі [6].

Алғашқы 4 жылда Мәулітовтер үш үй салып алады. Ірі қара өсіріп, кәсіппен айналыса бастайды. Усман мектебінде қазақтың елу баласы дәріс алады. Бұл елді мекеннің салынуына байланысты архив құжаттарында ел ағасы Шана (немесе Шона), оның інілері Сүйік және Мәтен Онышевтар, Кәмәл Жұматай, Табылды Тасыбеков деген адамдардың есімдері аталады. (Қазір де ұрпақтары болуға тиіс). Тасыбек тоғайынан алты шақырым жерде Шаңырақ Қарасу деген көл бар.

Жылдар өтіп, бұл елді мекеннің аты Мәуліт, орысшасы Мамлютка болып өзгеріп кеткен.

Жер-су атын өзгерту – жай әуесқойлық емес, сол маңайда бұрын ешқандай халық мекендемеген, демек, иесіз жерге қазық қағуға болады деген жымысқы саясатпен әдейі жасалған шара екені мәлім. Және мұндай ат қою немесе байырғы қазақы атауларды өзгерту ешқашан тоқтамастан, бірте-бірте жүргізіліп келді. Бұған, сонымен қатар, қазақы атаулардың өзінің транскрипциясын өзгертіп, адам танымастай қалыпқа түсіргендікті де қосу керек (Мысалы: Шабакты – Чебашье, Тереңкөл – Торангул, Тоқыш – Токушино, Асан – Асаново т.с.с).

М.Сперанскийдің жобасы қазақтың кең даласын бір ғана Ресейдің боғандығына түбегейлі көшіру жоспары болатын. Орта Жүздің ханы Уәли Абылайұлының қазасын сәтті келген жағдай деп есептеп, Ресей империясы Қазақстандағы хандық билікті мүлде жойып жіберді.

Омбы деп аталатын жаңа облыс құрылғанда, «Сібір қазақтарының Жарғысы» деген құжат өмірге келді. Отарлау саясатының білгір мамандарының бірі Корф бұл жоспар жөнінде кезінде былай деп жазған болатын:

«Қазақ даласын осы бір ғана құжат арқылы бейбіт жолмен басып алудың маңызы өз кезінде қалай бағаланса да, тарихи тұрғыда бұл өзі аса зор маңызды факт болатын» [7].

Ал, Сперанский Капцевичке жазған құпия хатында өз жоспарының ішкі сырын былайша ашқан:

«Қазақ даласына қарай басқан әрбір қадамымыз батылдық болып көрінетіні рас. Бірақ, Жарғыда бұл қадамдар – мақсат, түпкі бағыт, беталысымызды түзеп алу тұрғысында көрсетілген. Бәлкім, бұл мақсатқа жарты ғасыр өткеннен кейін жетерміз. Әзірше сенімсіздеу, баяу жылжып келе жатсақ та, айқын жоспарымыз бар, бағытымыз дұрыс. Жергілікті жағдайлардың аңысын аңдып, қолайлы сәтті қалт жіберіп алмасақ болғаны.

Осылайша, Қыр өлкесіне қарай жылжып, азаматтық өзгерістерді («жер-су атауын өзгертуді» деген сөз.-З.Т.) қазақ арасына бірте-бірте енгізіп оты-

ру – Глазенап марқұмның үшінші шекара шебін тарту жөніндегі ұсынысына қарағанда, ең қолайлы әдіс» [8].

Қазақ жерлеріне қарай жылжудың екінші кезеңі Қыр өлкесінің генерал-губернаторы Х.Гасфорттың кезінде, 1854 жылы Омбы облысы таратылып, Ақмола және Семей облыстарының құрылуы еді. Сөйтіп, Қазақстанның ұлан-байтақ солтүстік, шығыс және орталық аймақтары немесе Орта Жүздің жері Ресей империясының қарауына сұраусыз, жоқтаусыз өтіп жатты.

«Русский инвалид» газетінің 1857 жылғы 12-қарашадағы санында «Омбыдан хат» деген тақырыппен жазған автор, қуанышын жасыра алмай былай деп жазыпты:

«Жаңадан екі облыс құрылуына байланысты «қазақ жерлері», «Орта Жүз бен Ресей шекарасы» деген түсініктер мүлде жойылды. Ешбір шығынсыз, әуре-сарсаңсыз, қауырсын қаламның ұшымен бір-ақ сызып, осынау үлкен елдің аумағын империя шегіне енгізіліп, үзілді-кесілді қосып алдық» [9].

Ал, социалистік идеяны ту еткен кеңес үкіметі тоталитарлық зорлау, қинау, жазықсыз жазалауды өмірге ендіру арқылы бір қалыпқа түсірілген «үйретінді» менталитетті қалыптастырудың нәтижесінде жаңа атаулар саясатын одан әрі жалғастырды. Осы арқылы халықтың тарихи жадының бір саласы ретінде қалыптасқан тұрақты тарихи ұлттық ұғымына айналған елді мекен, жер атауларын зорлықпен өзгертіп, одан қол үздірді [10].

Кеңестік дәуірде колхоздастыру, тың игеру науқандарына байланысты өңірдің байырғы елді мекендерінің атаулары аяусыз өзгертілгенін айтып жеткізу мүмкін емес. Оған қоса қызыл империяның саясатына сай, идеология мүддесіне орай ешқандай мәні жоқ, даңғаза қазақша атаулар енгізілді. «Жаңа тұрмыс», «Алғабас», «Жаңа талап», «Жаңалық», «Орталық», «Бірлік», «Мәдениет» т.б. атаулар бұрынғы тарихи топонимиканы ел санасынан өшірді, басқасы жаппай орысша болып кетті.

Сонымен бірге коммунистік партия мен үкіметтің басшыларының аттары мәңгі есте қалдыруға лайық деп танылғанын білеміз. Олардың арасында, тіпті ақылға сыймайтындары да бар. Бір ғана мысал, Петропавлдан 40 шақырым жерде Смирнов елді мекенінің бұрынғы аты «Дәрмен», яғни станцияның аты да солай аталмақ екен. 1921-22 жылдары Қазақстаннан тартып алынған астық пен етті Ресейдің орталық аймақтарына жедел жеткізу үшін Көкшетауға теміржол тарту жұмысын азық-түлік халық комиссарының орынбасары Смирнов деген басқарыпты. «Дәрмен» атын өзгертіп, Смирновтың атын беруді «еңбекшілер жалынып сұраған соң» оның аты қойылыпты...

Ал, екінші бір долбар, 1917 жылғы төңкеріске байланысты оқиғалардың салқынымен, Кеңес билігін орнату үшін Омбыда құрылған Сібір революциялық

комитетінің төрағасы Смирнов деген болғаны да шындық. Әйтеуір халықтың жадында сақталмаған, жыл өткен сайын күңгірт тартып келе жатқан есім туралы: кім, неге, қашан? деген сұрақтар көп. Осы бір ғана фактінің өзі ономастика мәселесінің жеңіл-желпі, жүре сөйлеп, бас шұлғитындай оңай еместігін көрсетеді.

Мұны Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісінің өзгеру тарихынан айқын көруге болады. Мысалы: 1928 жылғы 3 қыркүйекте Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің «Болыстық бөліністерді жойып, аудандар жүйесін енгізу туралы» қаулысына сәйкес, Қазақ автономиялы советтік социалистік республикасының Орталық атқару комитетінің 1928 жылғы 17 қаңтарда болған екінші сессиясында Қызылжар округі құрылды. Бұл туралы қаулыда жаңа округке Ақмола губерниясының Петропавл уезінің аумағы толық қамтылып, оған Атбасар мен Көкшетау уездерінің кейбір болыстарын қосылғанын, сөйтіп, округ аумағында барлығы 21 аудан болғаны айтылған.

Олардың ішінде Арықбалық ауданы (орталығы Арықбалық селосы), Бейнетқор ауданы (орталығы Шолақ Досжан ауылы), Булаев ауданы (орталығы Булаев селосы), Көкшетау ауданы (орталығы-Көкшетау қаласы), Красноармейск ауданы (орталығы – Ново-Сухотино селосы), Ленин ауданы (орталығы – Явленка селосы), Преснов ауданы (орталығы – Пресновка селосы), Рузаев ауданы (орталығы – Рузаев селосы), Төңкеріс ауданы (орталығы – Майбалық селосы), Щучинск ауданы (орталығы Щучье селосы), Еңбекшілдер ауданы (орталығы Казгородок селосы) болды.

Ескерте кететін жағдай сол, бұрын Қызылжар аталып келген әкімшілік-аумақтық бірлік дәл сол 1928 жылдың мамыр айының 10-жұлдызында Петропавл уезі деп өзгертілген. Бұл шешімді қабылдаған да Республиканың орталық атқару комитеті. Осыдан кейін екі жылға толмай, Мәскеудегі орталық билік, дәлірек айтқанда, Бүкілодақтық атқару комитеті Қазақстанның әкімшілік-аумақтық жаңа бөлінісін 1930 жылғы 23 шілдеде қайта бекітті. Бұл қаулы бойынша округтер, әлбетте, олардың ішінде Петропавл округі де бар, таратылып, ірілендіріліп, жаңадан құрылған аудандар Республика орталығына тікелей бағынатын болды.

Қорыта айтқанда, 1921 жылы 22 сәуірде, Ақмола губерниясы құрылып, оның құрамындағы Қарағанды облысының жартысы, Ақмола облысы, Көкшетау облысы, Солтүстік Қазақстан облысының аумағы осыдан 100 жыл бұрын Алаш қайраткерлерінің пәрменімен ғана Қазақстанда қалған. Оған да шүкір. Қазіргі ұрпақ осыны білсін, бірақ тарихи оқиғаның 100 жылдығы неге аталмай қалғанын Үкімет басындағы ағаларынан сұрап білуге қақы бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. СҚОММ, 43-қор, 1-тізбе, 7-іс, 1-парақ.
2. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Т. 18. Киргизский край. СПб. 1903, С.381.)
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 1995, 65-75-беттер.
4. Ваганов А. Земельная политика царского правительства в Казахстане (1907-1914)// Исторические записки, М., 1950, №31, С.66.
5. Алексеенко В.Н. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав 1870-1614 гг.). Алматы, 1981, С.55).
6. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты – СҚО ММ. 158-қор, 1-тізбе, 69-іс, 9-бет.
7. Граф Сперанскийдің өмірі. СПб., 1861, Т.ІІ., 142-бет.
8. Граф Сперанскийдің өмірі. СПб., 1861, Т.ІІ., 247-бет.
9. Бұрбаев Т. Ұлт менталитеті. Астана, 2001, 26-бет.
10. Мырзахметұлы М. Қазақ топонимдері мен антропонимдері.// Ономастика: бүгінгі мен болашағы. Астана, 2002, 20-бет.

ТАРИХИ АТАУЛАР – ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Темірғали Аршабеков

*Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық құжаттама
жөніндегі архив басшысы*

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деген еді [1]. Әрбір атау – тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Кез келген аймақтың жер-су атаулары өз бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәліметтерді, географиялық сыр-сипаттарды сақтап отырады.

Топонимдегі деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрады. Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі өмір-тіршілігінен әр қилы мәлімет береді.

Қарағанды облысының топонимдері де республикамыздың басқа өңірінің топонимдері сияқты белгілі бір мерзім, кезеңнің ғана емес, сан мыңдаған жылдардың, тұтас бір дәуірдің жемісі. Сондықтан да, олар қоғам өмірі, халық тіршілігімен тығыз байланысты. Олардың құрамында да әр дәуірді, әрбір кезеңдерде Қарағанды облысын мекендеген әр алуан елдің тілі мен сөзінен қойылған географиялық атаулар саны көптеп кездеседі. Облыс топонимдерінің бір тобы көне заман, ескі тарихымызбен тығыз байланысты болып келсе, екінші бір басым тобы – Кеңес өкіметі тұсында пайда болған, социалистік дәуірдегі және одан кейінгі өзгерістердің айқын куәсі. Облыстағы әрбір топоним белгілі бір мағынаға, алуан түрлі құбылысқа ие, семантикасы жағынан жеке объектілерді атайтын жалқы есімдердің ерекше тобына тән. Әрбір географиялық атау тарихи, әрі, оның мағыналық өрісі де кең. Олар замана құбылысына, өзгерісіне қарай әр түрлі мағлұматқа: түрлі

соғыстар, халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және тағы басқа тарихи оқиғаларға бай. Халықтық топонимиканың бір ерекшелігі – топонимикалық атаулар сол халықтың тікелей авторлығымен қойылуы себепті фольклор мен көркем әдебиет шығармаларында өз көрінісін бермей тұра алмайды. Түрлі дерек көздері Дешті-Қыпшақ жерінде бай мәдени тұрақтар болғанын мәлімдейді. Хафыз Тыныш осындай тұрақтарға Бесағаш, Болған Ана, **Талмас Ата, Жетім қорған, Мыңбұлақ, Үшқоңыр, Белен ана, Сарайлы**, Торайлы, Басқамыр және т.б. жатқызса, Шарафеддин Әли Язды Орда-Базар, Сегізағаш, **Ұлытағ, Кертағ**, Ақ зират тұрақтарын атаған. Осының бәрі қыпшақтарда жартылай отырықшы мал шаруашылығы және өзен аңғарлары мен жазираларында суармалы жер шаруашылығы дамығандығын дәлелдейді[2].

Бұл халықтық топонимдердің ерте орта ғасырдан бастап бастау алатынын білдіреді. Топографиялық орналасуы бойынша – Сарысу, Кеңгір, Жезді, Торғай, Нұра өзендерінің бойында орналасқан. Бұлай орналасуында да өзіндік бір ерекшелік бар еді. Ол, біріншіден өзен аңғары, судың жағасы болса, екіншіден, ежелгі меридианды көшіп-қону жолдарымен қыстаулардан жайлауға көшу жолдарында кездеседі. Тағы бір айта кететін мәселе, бұл сауда жолдары болатын. Көне дәуірлерден-ақ, батыс пен шығысты жалғастырып, байланыстырып жатқан Жібек жолы, Түркістан, Сығанақ қалаларынан бір жол Сарысу, Кеңгір, Нұра өңірлеріне әкелсе, келесі бір жол Оңтүстік Оралға апарды.

X-XIII ғасырлардағы қимақ-қыпшақ қалалары туралы араб жазушылары, географтары Ибн-әл-Варди, Ибн-Йиаса, Ибн-Сайд жазған[3]. Батыс және Орталық Қазақстанның қалалары жайында XIV-XV ғғ. Италиян карталары қызықты мәлімет береді. Атап айтатын болсақ 1315 ж. Пицигани (1367 ж.) және Фра-Маурлардың (1459 ж.) құрастырған Каталондық дүниежүзі картасы. Бұл карталар Дешті-Қыпшақпен, Орта Азиямен және Шығыс Түркістанмен сауда жүргізген итальяндық саудагерлер үшін жасалған. Карталарда XIII-XIV ғғ. Жайық өзеніндегі, Солтүстік Каспийдегі, Сырдариядағы, Орталық Қазақстандағы, Жетісудағы тұрақтар мен қалалар және Торғайдың орта ағысындағы Қаңлы Кент қаласы, Нұраның төменгі ағысындағы Ақсикент қаласы көрсетілген.

Карталарда көрсетілген қалалардың болғандығын Пано Карпини және Рубрук өз жазбаларында дәлелдейді. Пано Карпини басты назарын Ертістеігі және Алакөлдегі қалаларға аударған. Ол: «Татарлар тек бір қала Омылды (Эмиль) салған. Император (Гуюк) осы қалада үй салып, бізді дәмге шақырды. Бұл жерде Батыйдан үлкен Орда (Ежен) тұрады. Қалада оның әкесінің (Жошы) үйі бар, бұл үйде оның әйелдерінің бірі тұрады» - деп жазған

[4]. Жошының кіші әйелінің тамы Кеңгірде орналасып Келінтам деп аталды. Тұрақтан солтүстік шығысқа қарай 30 км жерде Жошы хан мавзолейі бар. Мавзолейдің жоғарғы бөлігі мүйізі бар бас сияқты жасалған. Күйдірілген кірпіштен жасалған қорғанның ішкі диаметрі 34 см Плитаның үстіне биіктігі 30 см-лік бірінің ішіне бірі орналастырылған 2 құмыра бар. Екінші құмыраның бүйірлерінде бұқа мүйізі бекітілген. Бұқа XIII ғ. 1-жартысындағы түрік-моңғолдардың тотемі болған. Ғасырлар бойы бұқа күштің, биліктің, мәртебенің белгісі болған. Қазақтардың астрономиялық аңыз бойынша жер бұқаның арқасында тұр. Түрлі дерек көздері Дешті-Қыпшақ жерінде бай мәдени тұрақтар болғанын мәлімдейді. Хафыз Тыныш осындай тұрақтарға Бесағаш, Болған

Ана, Талмас Ата, Жетім қорған, Мыңбұлақ, Үшқоңыр, Белен ана, Сарайлы, Торайлы, Басқамыр және т.б. жатқызса, Шарафеддин Әли Язды Орда-Базар, Сегізағаш, Ұлытағ, Кертағ, Ақ зират тұрақтарын атаған. Осының бәрі қыпшақтарда жартылай отырықшы мал шаруашылығы және өзен аңғарлары мен жазираларында суармалы жер шаруашылығы дамығандығын дәлелдейді. Бұны ПIANO Карпини мен Рубрук жазбаларынан да көруге болады.

Қыпшақтардың отырықшы және жартылай отырықшы тұрмысымен «қорық», «конг» терминдері байланысты. Қорық әуелде жан-жағы қабырғамен қоршалған хан жайлауы болды. Бұл мағынасындағы қорық сөзі үйсіндер мен түрік қаһандарына тән. «Конг» - өте көне термин. Ол географиялық атау ретінде (Жақсы көң, Жаман көң өзендері) ретінде тарихта сақталып қалды. М.Қашқари бойынша қыпшақтардың тұрақтары көлеміне қарай әр түрлі аталды: шағын ауыл-қыстақ, қыстау, бекініс, қала типті мекен кент т.с.с. Орталық Қазақстанда ерте қыпшақ (VII-IX ғғ.), моңғол кезеңіне дейінгі (X-XII ғғ.) және моңғол кезеңіндегі (XIII-XV ғғ.) ескерткіштері сақталған. Жошының үлкен ұлы, әрі Ақ орданың негізін қалаушы Орда-Еженнің 3 ордасы болған: 1) Шыңыс хан жотасындағы Орда; 2) Ұлытау ауданындағы Кеңгір өзені Жошы мавзолейі жанындағы ордасы; 3) Қаялықтан 7 күндік жердегі Ала-қашақ ордасы. Қалалардың көптеп салынуы кейінгі қыпшақ кезеңінде байқалады. Осы кезеңнің қалашықтары мен археологиялық ескерткіштері Орталық Қазақстанда сақталған. Олардың ішіндегі ірілері: Алаша хан, Басқамыр, Аяққамыр, Сарайлы, Торайлы, Топырақ қорған, Айбас дарасы, Домбағұл, және т.б. Масғұд ибн Османи Сарысу және Ұлытаудағы Сығанаққа бағынышты бірқатар қалалар мен бекіністерді атайды. Масғұд Сарыарқадағы ең маңызды қала Дешті Қыпшақтың астанасы Орда-Базар болды дейді. 1429 ж. Ақ Орда ханы Барақ өлген соң оны Әбілқайыр басып алып ақша соқтырған Орда Базар Сығанақтан кейінгі екінші саяси орталық болған.

Кеңгір және Сарысу өзендерінің бассейнінен, Ұлытау және Жезқазған ау-

дандарынан табылған орта ғасырлық қалашықтар отырықшы мәдениеттің, суармалы жер шаруашылығының дамығандығының дәлелі. Тұрақтар негізінен тастан, саз балшықтан тұрғызылған. Отырықшы мәдениеттің сақталып қалған іздерінің ең елеулісі Ұлытау ауданындағы Арғанаты тауындағы Домбағұл қалашығы. Бұл қалашық орта ғасырлық Орда-Базар қаласынан үлкен. Орда-Базарда 30 жыл Дешті-Қыпшақ ханы Әбілқайыр өз теңгелерін соқты. Тағы бір құнды мәлімет беретін тарихи орын Ұлытаудың солтүстік бөктеріндегі Қаратал өзенінің жағалауындағы Алаша хан қалашығының орны. Сонымен қатар мықты қорғантас мұнаралары болған Нөгербек даярасы және Басқамыр бекіністерін, Жезді өзеннің жағалауындағы Аяққамыр мавзолейінің жанындағы қалашықты, Жошы хан кесенесі маңындағы бекініс орнын айтуға болады. Бұл елді мекендер Орталық Қазақстанда пайда болған, ал осы жерді мекендеген қыпшақтар, қаңлылар және XV-XVIII ғғ. қазақтар үшін жартылай мал шаруашылығы, суармалы жер шаруашылығы тән. С.П.Толстов «Орта Азиялық қалаларды қалыптас- тыруда көшпелілер зор үлес қосты және екі шаруашылықтың ұштасуы қала мәдениетінің пайда болуына әкелді» - дейді [5].

Орталық Қазақстанның орта ғасырлық тарихы бойынша археологиялық деректер – қоныс, бекіністер, қалашықтар. Қазақ тарихының ортағасырлары сонау түркілер дәуірінен бастап, қимақ, Дешті-Қыпшақ мемлекеті, одан кейінгі моңғол шапқыншылығын басынан кешірген, қазақ хандығы құрылған дәуірді қамтып, жалпы алғанда XVIII ғасырлармен тәмамдалады. Ортағасырлық Қазақстанның осы аралықтарындағы өзіндік тұрмыс-тіршілігі бар рулардың қоныс-бекіністері қалаларына XX ғасырдың екінші жартысынан бастап археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп келеді.

X-XIII ғасырлардағы қимақ-қыпшақ қалалары туралы араб жазушылары, географтары Ибн-әл-Варди, Ибн-Йиаса, Ибн-Сайд жазған [6]. Батыс және Орталық Қазақстанның қалалары жайында XIV-XV ғғ. Италиян карталары қызықты мәлімет береді. Атап айтатын болсақ 1315 ж. Пицигани (1367 ж.) және Фра-Маурлардың (1459 ж.) құрастырған Каталондық дүниежүзі картасы. Бұл карталар Дешті-Қыпшақпен, Орта Азиямен және Шығыс Түркістанмен сауда жүргізген италияндық саудагерлер үшін жасалған. Карталарда XIII-XIV ғғ. Жайық өзеніндегі, Солтүстік Каспийдегі, Сырдариядағы, Орталық Қазақстандағы, Жетісудағы тұрақтар мен қалалар және Торғайдың орта ағысындағы Қаңлы Кент қаласы, Нұраның төменгі ағысындағы Ақсикент қаласы көрсетілген.

Карталарда көрсетілген қалалардың болғандығын Пано Карпини және Рубрук өз жазбаларында дәлелдейді. Пано Карпини басты назарын Ертістегі және Алакөлдегі қалаларға аударған. Ол: «Татарлар тек бір қала

Омылды (Эмиль) салған. Император (Гуюк) осы қалада үй салып, бізді дәмге шақырды. Бұл жерде Батыйдан үлкен Орда (Ежен) тұрады. Қалада оның әкесінің (Жошы) үйі бар, бұл үйде оның әйелдерінің бірі тұрады» - деп жазған [7]. Жошының кіші әйелінің тамы Кеңгірде орналасып Келінтам деп аталды.

Түрлі дерек көздері Дешті-Қыпшақ жерінде бай мәдени тұрақтар болғанын мәлімдейді. Хафыз Тыныш осындай тұрақтарға Бесағаш, Болған Ана; Талмас Ата, Жетім қорған, Мыңбұлақ, Үшқоңыр, Белен ана, Сарайлы, Торайлы, Басқамыр және т.б. жатқызса, Шарафеддин Әли Язды Орда-Базар, Сегізағаш, Ұлытағ, Кертағ, Ақ зират тұрақтарын атаған. Осының бәрі қыпшақтарда жартылай отырықшы мал шаруашылығы және өзен аңғарлары мен жазираларында суармалы жер шаруашылығы дамығандығын дәлелдейді. Бұны Плано Карпини мен Рубрук жазбаларынан да көруге болады.

Қыпшақтардың отырықшы және жартылай отырықшы тұрмысымен «қорық», «конг» терминдері байланысты. Қорық әуелде жан-жағы қабырғамен қоршалған хан жайлауы болды. Бұл мағынасындағы қорық сөзі үйсіндер мен түрік қаһандарына тән. «Конг» - өте көне термин. Ол географиялық атау ретінде (Жақсы көң, Жаман көң өзендері) ретінде тарихта сақталып қалды. М.Қашқари бойынша қыпшақтардың тұрақтары көлеміне қарай әртүрлі аталды: шағын ауыл-қыстақ, қыстау, бекініс, қала типті мекен кент т.с.с. Орталық Қазақстанда ерте қыпшақ (VII-IX ғғ.), моңғол кезеңіне дейінгі (X-XII ғғ.) және моңғол кезеңіндегі (XIII-XV ғғ.) ескерткіштері сақталған. Жошының үлкен ұлы, әрі Ақ орданың негізін қалаушы Орда-Еженнің 3 ордасы болған: 1) Шыңыс хан жотасындағы Орда; 2) Ұлытау ауданындағы Кеңгір өзені Жошы мавзолейі жанындағы ордасы; 3) Қаялықтан 7 күндік жердегі Ала-қашақ ордасы. Қалалардың көптеп салынуы кейінгі қыпшақ кезеңінде байқалады. Осы кезеңнің қалашықтары мен археологиялық ескерткіштері Орталық Қазақстанда сақталған. Олардың ішіндегі ірілері: Алаша хан, Басқамыр, Аяққамыр, Сарайлы, Торайлы, Топырақ қорған, Айбас дарасы, Домбағұл, және т.б. Масғұд ибн Османи Сарысу және Ұлытаудағы Сығанаққа бағынышты бірқатар қалалар мен бекіністерді атайды. Масғұд Сарыарқадағы ең маңызды қала Дешті Қыпшақтың астанасы Орда-Базар болды дейді. 1429 ж. Ақ Орда ханы Барақ өлген соң оны Әбілқайыр басып алып ақша соқтырған Орда Базар Сығанақтан кейінгі екінші саяси орталық болған.

Ұлытау өңірі ортағасырларда ірі саяси оқиғалардың аренасы болғандығы белгілі. Әрине, өңірдің тарихи географиясын сипаттауда әскери жорықтар мен шайқастар туралы айтып өтпеу мүмкін емес.

Әмір Темірдің Ұлытау өңіріне алғаш аяқ басуы Низам-ад-дин Шамидің

«Зафар наме» шығармасындағы мәліметтерге сүйенсек шамамен 1387 жылдың күзінде болады [8, т.2 111]. Бұл оқиға Тоқтамыстың Әмір Темірден бөлектеніп, Түркістан өлкесіне жорық жасауынан басталады. Низам-ад-дин Шамидің жазбасы бойынша Тоқтамыс Ходжент өзенінен өтіп, оның әскерінің авангарды Зернук деген жерге дейін жетеді. Темір әскер жинап, Ходжент өзенінде қарсыласының әскерін жеңіліске ұшыратады. Одан кейін, Темір әскерлері қарсыластарына түнгі шабуыл жасап, қарсы жақ Арыс өзеніне өтіп қашады. Темір әскерімен қашқан әскердің соңына түсіп, Ходжа Шейхты, Тублақты, Қараханды, Аман шахты және Дәулет шахты қырық сарбазымен барлауға жібереді. Олар Сары өзен деген жерде Тоқтамыстың қарауыл әскерімен кездесіп қалып, шайқасады. Мұндағы, **Сары өзен** деп аталатын жер Ұлытау өңірі арқылы оңтүстікке қарай ағып өтетін Сарысу өзені. Қайтып келе жатқанда барлаушылар Қыдба тарханға кездесіп қалады. Низам-ад-дин Шами онда «жүз шақты шаңырақ болды» деп жазады. Үлкен ұрыс болып, Қыдба тарханды тұтқындаған әскер, оның үйлерін және мал мүлкін Ақ сүме деген жерге апарды [9, 112].

Бұл тарихи оқиғаларды баяндап отырған себебіміз Дешті Қыпшақ кезеңінен бастап осы аймақ бірнеше ұлы тарих кезеңдерді басынан өткерді. Соның бірі Жошы ұлысы кезеңіне де қатысты. Ұлытау ұлан байтақ Жошы ұлысының саяси әлеуметтік орталығы болды. Қарағанды облысының тарихи топонимикасының бірнеше қабатта мыңжылдық тарихы бар екеніне куә боламыз. Биыл – ел Тәуелсіздігіне 30 жыл. Осы кезеңде жаңа тұрпаттағы атаулар үнемі облыстық ономастикалық комиссияның талқылауында қолдау тауып келеді. Облыстық ономастикалық комиссиясының төрағасы А.Нүкеновтың әр отырыста ғалымдар, қоғам қайраткерлері, тіл жанашылары қатысумен әрбір атауды жан-жақты талдаудан өткізеді. Мен 2019 жылдан бері осы комиссия мүшесі ретінде бірнеше ақпаратпен бөлісуді жөн көрдім. Облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің жалпы саны – 596, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің саны (көшелер, шағын аудандар және т.б.) – 4463. 1991 жылдан бері облыста 1569 құрамдас бөлік пен 117 әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы өзгерді. Ономастикаға қатысты заң талаптары өзгерген 2014 жылдан бері облыс көлемінде 22 елді мекеннің, 783 құрамдас бөліктің, 47 мекеменің атаулары өзгертілді. 2020-2021 жылдарда шектеулерге қарамастан облыста 1 елді мекен мен 145 көше және 22 мекеменің атауларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Облыстағы ономастика саласында ерекше серпін берген жаңалықтың бастысы – Октябрь ауданына Әлихан Бөкейхан есімін беру ұсынысын көпшілік тыңдалымға қатысқан 685 тұрғынның бірауыздан қолдауы. Бұл ұсыныс Республикалық ономастика комиссиясынан қолдау тауып, тиісті нормативті-құқықтық акт жо-

басы даярланды. Ұлттық санақ өткен соң облыс әкімдігі мен мәслихаттың бірлескен қаулы, шешімімен ресми тіркеуден өтетін болады. Сонымен қатар, биыл Қарағанды, Сәтбаев, Балқаш, Жезқазған қалалары мен Осакаров, Шет аудандарына қарасты 19 білім беру ұйымына атау беру және қайта атау туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына жолданды. Өкінішке қарай, облыс көлемінде Ленин (21), Комсомол (7), Совет (14), Октябрь (17) сияқты атаулардың жалпы саны – 59. Олардың басым көпшілігі Бұқар жырау (14), Осакаров (11), Абай (10) аудандары мен Шахтинск (8) қаласына тиесілі.

Тарихи атауларды қайтаруда ғылыми негіздемелерді басшылыққа ала отырып жүргізу мақсатында облыстағы тарихшы ғалымдармен бірлесе отырып, облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен 2011-2018 жылдар аралығында барлық аудандардың топонимикасына арналған кітаптар жарық көрді. Бірнеше ауданның тарихи топонимикасын зерттеуге тікелей қатысқан болатынмын. Бұл еңбектерде ХХ ғасыр басында төл атаулар мен кірме атаулар арасындағы айырмашылықтар айқындалып көрсетілді.

Тәуелсіздік – киелі ұғым. Әр жердің нақты тарихи атауы болғандығы белгілі. Кеңестік немесе басқа келімсек атаулардың орнына тарихи атаудың берілетін уақыты жетті. Бұл іске әр азаматтың үлесін қосуы парызы деп санаймын.

Әдебиет тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. «Егемен Қазақстан» 2017 жыл 12 сәуір
2. Аршабеков.Т.Т Жұмабеков Ж.А Ұлытау-Нұра өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері. Қарағанды. 2007ж.
3. Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX—XI вв. по арабским источникам. б. 98—108.
4. Путешествие и восточные страны ПIANO Карпини и Гильома де Рубрука. -Алматы, 1993.
5. Толстов С. П. Древний Хорезм. М.—Л., 1948, б. 275
6. Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX—XI вв. по арабским источникам. б. 98—108.
7. Путешествие и восточные страны ПIANO Карпини и Гильома де Рубрука. -Алматы, 1993.
8. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т.2. Извлечение из персидских сочинений собранные В.Г. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Москва-Ленинград: Изд-во Ан СССР, 1941. – 308 с.
9. Бұл да сонда... 1126 .

ОНОМАСТИКА САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Гүлнарайым Қаңтарбекова

Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы

2021 жылдың 29 қазандағы

*Тараз қаласында өткен ономастика мәселесіне қатысты
республикалық семинарда жасаған баяндамасы*

Ең біріншіден баршаңызбен киелі Тараз жерінде жүздесіп отырғанымға өте қуанышты екенімді жеткізгім келеді.

Еліміздегі идеологияның негізгі бағыты – тіл саясатын жүзеге асыру, оның ішіндегі қай кезеңде болмасын өте өзекті болып табылатын ономастика тақырыбында осындай маңызды шараны өткізіп отырған ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне, Жамбыл облысы әкімдігіне, барлық ұйымдастырушыларға зор алғысымызды білдіреміз!

Қоғам дамуында ономастикалық атаулардың тарихи маңызы қашан да зор. Көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық топонимика, елдімекен, жер-су атауларымыз, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, одан бері Кеңестік кезеңде түбегейлі өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Әсіресе, өзге этностар көп шоғырланған Қарағанды облысы да бұл бағытта үлкен зиян шекті деп айта аламыз.

Сол себептен еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап ұлттық ономастика кеңістігін қалыптастыруға басымдық берілуде. Қазір ономастикалық жұмыстың үлгілік-құқықтық негізі қалыптасты деп айтуға болады.

Алайда кеңестік кеңістікте қалыптасқан, қазіргі егеменді еліміздің ұстанымына сәйкес келмейтін атауларды өзгерту, тарихи атауларды толық қайтару әлі де өте өзекті мәселеге болып отыр.

Бұл бағытта халық арасында ақпараттық-насихат жұмыстарын тиімді жүргізудің маңызы зор. Бүгінгі баяндаманың да негізгі өзегі осы болмақ.

Ономастикалық жұмыстар барысында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмалары, «Тарихи тұлғалар» тізімі қатаң басшылыққа алынууда.

Кейінгі кезеңде ономастика жұмыстары құқықтық деңгейде біршама жүйеленгенімен, бұл жұмыстардың маңыздылығын халық толық түсініп болған жоқ.

Сондықтан, бұл бағытта жүйелі, негізді жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

1. Тұрақты мониторинг жүргізу.

Қарағанды облысы бойынша барлық ономастика атауларына тұрақты мониторинг жұмыстары жүргізіліп келеді.

1991 жылдан бері облыста 1569 құрамдас бөлік пен 117 әкімшілік-аумақтық бірліктердің, 98 мекеменің атауы өзгерді.

Бүгінгі таңда аймақтағы әкімшілік-аумақтық бірліктерінің жалпы саны - 596, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің саны (көшелер, шағын аудандар және т.б.) – 4463.

Әлі де өзгертуді қажет ететін 50 әкімшілік-аумақтық бірліктер мен 500-ге жуық құрамдас бөліктердің атаулары бар. Бұл атаулар өзге этнос өкілдері көп шоғырланған Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран қалалары мен Осакаров, Бұқар жырау, Абай аудандарына тиесілі.

Алдағы уақытта «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған» Жол картасына сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілетін болады.

2022 жылы – 2 елді мекен, 50 құрамдас бөлік;

2023 жылы – 5 елді мекен, 60 құрамдас бөлік;

2024 жылы – 5 елді мекен, 70 құрамдас бөлік;

2025 жылы – 5 елді мекен, 80 құрамдас бөлік.

Жалпы: 17 елдімекен, 260 құрамдас бөлік.

2. Тарихи негіздемелерді қалыптастыру.

Елдімекендердің атауларын ретке келтіру, тарихи атауларды қайтару жұмыстары - ғылыми зерттеуді қажет етеді. *Осы себептен де Республика көлемінде алғаш рет 2000 жылдары облысымыздағы тарихшы, өлкетанушы ғалымдарымен тығыз байланыс орнатылып, облыстық топонимикалық картасын қалыптастыру жұмыстары қолға алынды.* Нәтижесінде, 2009-2018 жылдар аралығында облыстағы барлық аудандар бойынша елді мекендер мен жер-су атауларының тарихи негіздемелері толық дайындалды. Әр ауданның топонимикасына арналған кітаптар сол аудандарда ұйымдастырылған арнайы ономастика бағытындағы семинарларда халыққа толық таныстырылып шықты. Дегенмен, әлі де зерттеуді қажет ететін атаулар бар. Бұл бағытта жұмыстар жалғасын табуда.

3. Жұмыс топтары мен ономастика комиссиясы жұмысын жандандыру

Әр қала мен аудандарда ономастика бағытында арнайы жұмыс топтары құрылған. Ол жұмыс топтарына тиісті мемлекеттік мекеме басшылары, аймақтағы абыройлы азаматтар, этно-мәдени бірлестік, БАҚ өкілдері және тарихшылар енгізілген. Жұмыс топтары келіп түскен өтініштер бойынша дұрыс шешім қабылдауда, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарында өз

тиімділіктерін көрсетуде. Облыстық ономастика комиссиясына да тарихшылар, зиялы қауым өкілдері тартылып, олармен тығыз жұмыстар жүргізілуде.

Аймағымыздағы Жаңаарқа, Қарқаралы, Ақтоғай, Ұлытау, Шет аудандары секілді қазақы өңірлер мен ондағы ауылдардағы атауларды өзгерту қатты мәселе бола қойған жоқ. Алғашқыда ауылдардағы басты проблема ондағы көшелерге елеусіз есімдердің қойылып кетуі болатын. Бұл проблема қала, аудандардағы ономастика комиссияларын алып тастаумен тиімді шешімін тапты деп ойлаймыз.

4. Атау өзгерту бойынша жұмыс алгоритмін қалыптастыру

Әлі күнге дейінгі өзекті проблема өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран қалалары мен Осакаров, Бұқар жырау секілді аудандарда орын алуда. Бұл жерлерде кез келген атау өзгерту жұмыстарын тұрғындар өткір қабылдайды. Әр түрлі факторларды алға тарту арқылы кедергі келтіреді. Бұл проблема барлық облыстарда бар деп ойлаймыз.

Сондықтан да, мұндай аймақтардағы ономастика жұмыстарына өте зор жауапкершілікпен қарау қажет. Мысалы, біз Қарағанды қаласындағы әр көшенің атауын өзгерту жұмысын облыс басшылығының келісімімен арнайы іс-қимыл алгоритм әзірлеп, іс-шаралар жоспарын бекіту арқылы ғана жүргізіп келеміз.

Алгоритм бойынша төмендегідей шаралар жасалады:

1. Ақпараттық-түсіндіру, дайындық жұмыстары;
2. Өткізетін орынды анықтау, қажетті құрал жабдықпен қамту;
3. Жұмыс тобы отырыстарын өткізу, өзара міндеттермен бөлісу;
4. Арнайы спикерлерді даярлау;
5. Қойылуы ықтимал сұрақтарға жауап жобаларын әзірлеу, проблемалық талдаулар жасау;
6. Көпшілік тыңдау ұйымдастырылатындығы туралы жергілікті БАҚ пен интернет - ресурстарда хабарландыру жариялауы
7. Көпшілік тыңдау ұйымдастыру;
8. Көпшілік тыңдау қорытындысы бойынша ақпараттық-түсіндіру шараларын жүргізу.

Бұл жұмыстар облыс әкімінің бақылауымен, қалалық әкімдік пен мәслихат, облыстық тілдерді дамыту және ішкі саясат басқармаларының бірлесе атқарған іс-әрекеттері арқасында тиімді жүзеге асуда.

Осындай ұйымдасқан жұмыстың арқасында былтыр Қарағанды қаласындағы негізгі он көшені қайта атау, биыл Октябрь ауданына Әлихан Бөкейхан есімін беру бойынша көпшілік тыңдаулар өз нәтижесін бере алды.

5. Ономастика жұмыстарына ақпараттық қолдау

Ономастика саясатын халық арасында насихаттау бағытында БАҚ,

әлеуметтік желілердің әлеуеті зор. Біз тоқсан сайын тіл саясатын насихаттау бойынша облыстық медиа-жоспар әзірлеп, оның орындалысын апта сайын жүргізіп келеміз. Мәселен, биыл жыл басынан бері 3 мыңға жуық материал жарық көрді. Оның ішінде 500-ге жуығы ономастика тақырыбына арналды. Басқарманың тапсырысымен шығатын «Мәміле» телебағдарламасына белгілі өлкетанушы, тарихшы ғалымдарымыз шақырылып, арнайы сұқбат ұйымдастырылды. Сонымен қатар, биылғы жылғы біздің басқарма тарапынан қолға алынған жаңа жоба - «Ойөріс» зияткерлік телеойыны тарихи тұлғаларымызды ұлықтап, ел мен жер тарихын насихаттауға арналды.

6. Ономастика жұмыстарын талдау (SWOT)

<p>Артықшылықтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ел егемендігі 2. Заңнамалардың қалыптасуы 3. Мемлекеттік қолдау 4. Ашықтық қағидасы орын алған 5. Халықаралық тәжірибе 6. Халық талабы 	<p>Күтілетін нәтиже:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Заң нормаларының толық қалыптасуы 2. Атаулардың толық жүйеге түсуі 3. Қоғамдық сананың қалыптасуы 4. Тарихи-дәстүрлі атаулардың жаңғыруы 5. Кісі аттарын беруде шектелу
<p>Қауіп қатер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Этнос аралық кикілжің 2. Жүз жүзге, ру руға бөліну 3. Қаржының мақсатсыз жұмсалуды 4. Елге белгісіз есімдердің қойылып кетуі 5. Жаппай науқаншылдыққа жол беру 	<p>Әлсіз тұстары (проблема):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өзгертуді қажет ететін атаулардың көп болуы 2. Бұл бағыттағы заңдардың солқылдағы 3. Зиялы қауым белсенділігінің аздығы 4. Халықтың заң талаптарын толық түсінбеуі 5. Өзге этнос өкілдерінің қарсылығы 6. Кейбір ескірген атаулардың тарих деп қабылдануы

Қарағанды облысы бойынша жыл сайын республикалық, облыстық деңгейде және қала мен аудандарға атау беру, қайта атау мәселесі бойынша жүзге жуық өтініштер мен ұсыныстар келіп түседі.

Онда көтерілетін мәселенің көбісі елдімекен мен көшелерге не болмаса мекемелерге кісі есімін беруге байланысты. Осы орайда, ҚР Президент әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес, елдімекендерге кісі есімін мүлдем бермей

отырмыз. Қалған көше мен мекемелерге атау беруге ұсынымдық сипаттағы «Тарихи тұлғалар» тізімінде жоқ тұлғаларға қолдан келгенше шектеу жасап келеміз.

Дегенмен, арнайы құқықтық құжат болмаған соң бәріне бірдей шектеу жасау қиын. «Қазақстан республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» туралы жаңа заң қолданысқа енгенін білесіздер. Бұл заң бойынша әрібір өтінішті нақты негізі болмаса қанағаттандыруға міндеттіміз. Бұрын да солай болған. Дегенмен, жаңа заң талабы одан сайын күшейтілді.

Осы орайда, елдегі елдімекенге кісі есімін бермеу талабын және «Тарихи тұлғалар» тізімін арнайы құқықтық құжатпен бекіту қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар, қоғамдық сананы қалыптастыру мақсатында және ақпараттық кеңістікте дұрыс бағыт-бағдар беру үшін елімізге таңымал үлкен тұлғаларды тарта отырып, республикалық деңгейде ірі жобалар қолға алынса деген ұсынысымыз бар.

Құрметті әріптестер!

Уақыт өткен сайын қоғамның ономастика саласына қоятын талабы да жоғары. Бүгінгі таңда жеткен жетістіктеріміз бен жасаған жұмыстарымыздың мөлшерімен шектелуге болмайды. Алдымызда әлі көптеген атқаратын іс-шаралар бар.

Осыған орай бүгін ұйымдастырылып отырған республикалық семинардың берері көп деп ойлаймын. Қордаланған мәселелер талқыланып, ономастиканың ахуалы туралы өзекті ой қозғалып, құнды ұсыныс, келелі пікірлер айтылады деген сенімдемін.

ОНОМАСТИКА САЛАСЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ЖҰМЫСТАРДЫ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сәуле Бегалинова

Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы

2021 жылдың 29 қазандағы

*Тараз қаласында өткен ономастика мәселесіне қатысты
республикалық семинарда жасаған баяндамасы*

Қайырлы күн құрметті әріптестер!

Көненің көзіндей қоғам өмірінің қат-қабат қойнауларынан сыр шертетін ономастикалық атаулар өңірдің ерекшелігін көрсетіп тұратын маңызды факторлардың бірі екені баршаңызға мәлім. Оған елді мекен атауларынан өзге олардың құрамдас бөліктерінің қатарын қамтитын көшелер мен даңғылдар, саябақтар мен скверлер, алаңдар мен бульварлар тәрізді нысандарға қойылған атаулардың мәндік ықпалы қашан да зор болмақ. Себебі бұл біріншіден жас ұрпақтың отансүйгіштік сезімін арттырып, рухани дамуына ерекше әсер ететін дүние болса, екіншіден тіліміздің шұбарланбай таза қалпында сақталуына септігін тигізері сөзсіз.

Сол себепті Павлодар облысында тарихи атауларды қайта жаңғырту мен идеологиялық тұрғыда ескірген атауларды жаңарту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде атқарылу үстінде. Әрине, ономастикалық таным бір жылмен есептеле салмайды. Ол ай-күн демей, тіпті жыл он екі ай саналы түрде жүргізілетін қажымас еңбекті қалайды. Оның үстіне өзге этнос өкілдері көп шоғырланған өңірлерде бұл бағыттағы жұмыстар одан бетер күрделене түсетіндігі анық.

Бүгінгі таңда Павлодар облысы аумағында 3 қала, 10 аудан, 5 кент, 126 ауылдық округ, 352 ауыл, 3523 көше тіркелген. Олардың ішінде 2 қала, 7 аудан, 240 ауыл және 1742 көшенің атауы қазақша атаулар болып табылады.

Жалпы тәуелсіздік алған жылдардан бүгінгі күнге дейін Павлодар облысында 1142 көшенің, 96 елді мекеннің атауы өзгертілді. Нәтижесінде егемендіктің алғашқы жылдары 40 %-ды ғана құраған қазақ тіліндегі елді мекен атаулары бүгінгі күні 68%-ға жетсе, қазақша көше атаулары 17%-дан 49%-ға дейін артты. Солардың ішінде Ермак қаласы – Ақсу атауына, Качир ауданы – Тереңкөлге және Лебяжі ауданы – Аққулыға, Путь Ильича ауылы – «Еңбек» ауылына, Комарицино ауылы – Қаратоғай ауылына, Қызыл-Октябрь ауылы – «Абай» ауылына, Красноармейка ауылы – «Кемеңгер» ауылына қайта

аталғандығын мысал ретінде атап өтуге болады (*Черное ауылы – Қарақала ауылы, Аққу ауылы – Аққулы ауылы, Березовка ауылы – «Ақтау» ауылы, Андрияновка ауылы – Ақжол ауылы, Жаңажол ауылы – Мәшһүр Жүсіп ауылы, Теңдік ауылы – Мұса Шорман ауылы, Қараащы ауылы – Қаныш Сәтбаев ауылы, ЦЭС ауылы – «Майкөбе» ауылы, ТЭЦ ауылы – «Үйтас» ауылы, Парамоновка ауылы – «Береке» ауылы, Ивановка ауылы – «Жалаулы» ауылы, Первомай ауылы – Жарылған ауылы, Северное селосы – Сынтас ауылы т.б.*).

Қайта атауға қатысты жұмыстар, әсіресе соңғы 5 жылдың ішінде қарқындалып, 607 көше, 26 елді мекеннің атауы жаңа атаулармен алмастырылды. Нақтырақ тоқталар болсақ 2015 жылы – 49 көше, 2016 жылы – 122 көше, 2 елді мекен, 2017 жылы – 189 көше, 5 елді мекен, 2018 жылы 99 көше, 11 елді мекен, 2019 жылы – 148 көше, 8 елді мекен егемендігімізге тән атаулармен жаңашаланды. Солардың ішінде қазақтың үш жүзге аты мәлім баһадүр батырлары мен Алаштың ардақты азаматтарының есімімен қайта аталған Павлодар қаласының көшелері де бар. Бүгінгі таңда облыс орталығындағы жақында ғана берілген Баян, Малайсары батырлар мен Жүсіпбек Аймауытұлы, Мәшһүр Жүсіп, Әлихан Бөкейханұлы, Ермұхан Бекмаханұлы, Бұқар жырау, Едіге биге, Сағадат Нұрмағамбетов, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды тұлғалардың есімімен аталған көшелер қаламыздың келбетін одан бетер ажарландыра түскен.

Өзгертілген көшелердің көпшілігі идеологиялық тұрғыда ескірген немесе мән-мағынасы жоғалған атаулар болып табылады. Жалпы кейінгі 3-4 жылдың ішінде-ақ жүйелі түрде атқарылған жұмыстың нәтижесінде аймағымызда нақты Кеңестік ұғымға тән Ленин есімімен аталатын 37 көше, Советов атауын алған 16 көше, Октябрьге қатысты – 15, Целина сөзімен түбірлес – 22, Комсомол ұғымын ұлықтайтын – 11 көше ұлттық танымға қатысты атаулармен алмастырылды.

Бұлармен қатар білім беру мекемелеріне ұлы тұлғалардың есімдерін беру жұмыстары да назардан тыс қалмай, бірге жүргізіліп келеді. Тиісті заңнамалық актілерге сәйкес ұжымдық өтініш білдірген мектептерге ҚР Үкіметінің Қаулысымен Қабанбай батыр, Бауыржан Момышұлы, Жылбек Ағаділов, Дүйсенбай Рахметов, Міржақып Дулатұлы, Естай Беркінбайұлы, Қажыбек Алғамбаров, Мұхтар Әуезов, Шапық Шокин, Шоқан Уәлихановтердің есімдері берілді.

Осылардан өзге облысымыздағы қала, аудандардың білім ошақтарына Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Қаныш Сәтбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Дінмұхамед Қонаев, Мұхтар Әуезов, Шәкен Айманов, Ғабит Мүсірепов, Әлихан Бөкейхандар мен Абай есімін беруге қатысты құжаттар пысықталу үстінде.

Биыл жыл басынан елді мекендер мен көше атауларын өзгертуге мораторий жарияланғандықтан алдағы уақытта өзгертілетін нысандардың жұмысын жеңілдету мақсатында аймақта насихат жұмыстары қолға алынған.

Атқарылып жатқан жұмыстардың нақты барысына тоқталар болсам, Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы тарапынан есімдері көшелерге берілетін тұлғаларды насихаттау мақсатында әзірленген іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуда. Аталған жоспарға сәйкес қала, аудандардың тіл саясатына жауапты бөлімдерімен қоса Басқармаға қарасты мәдениет мекемелері жұдырықтай жұмылып, осы жұмыстарды ілгерілету тұрғысында өздігінше ат салысуда. Солардың қатарында тұлғаларды насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жарияланып, қысқа метражды фильмдер, көрмелер, посттар, байқаулар, дөңгелек үстелдер, әдеби кештер, танымдық сағаттар, акциялар, онлайн дәрістер тәрізді жалпы саны 50-ден астам ұйымдастырылған шаралар бар.

Бұдан өзге Басқарманың бастамасымен өңірімізде алғаш рет «**Өлке топонимдері**» тақырыбында танымдық телебағдарлама халықтың назарына ұсыныла бастады. Бекітілген кестеге сәйкес бүгінгі күні Павлодар қаласы мен Баянауыл, Тереңкөл, Железин, Шарбақты, Успен, Аққулы, Ақтоғай, Ертіс және Павлодар аудандарының топонимдері түсірілді. Алдағы айларда да бұл жұмыс жалғасын тауып, жыл соңына дейін барлық қала, аудандардың топонимдері туралы бағдарлама эфирге шығарылмақ. Түсірілген бағдарламаларда елді мекен атауларының шығу төркіні мен тарихы, құрамдас бөліктердің жай-күйі мен өңірдегі қасиетті орындардың ерекшелігі насихатталып, этимологияларын түсіндіру жұмыстары басты назарға алынған.

Тарихи атауларды қайтару жұмыстарын жүргізу үшін ең алдымен өлкетанушылардың дәлелді тұжымдары да зор ықпалға ие. Сол себепті жақында ғана облыс орталығында өлкетанушылар форумы ұйымдастырылып, өңіріміздегі ономастикалық атауларға қатысты маңызды мәселелер егжей-тегжейлі талқыланды.

Сонымен қатар облысымыздың тарихын, өңірімізден шыққан ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын, еңбек жолын тұрғындар арасында насихаттау үшін «**Павлодар облысының тарихын білесін бе?**» тақырыбында акция ұйымдастырылды. Акция шеңберінде тарихи тұлғалар, Қимақ елі мен облысымыздың тарихы туралы қысқаша мәлімет (*қазақ, орыс тілдерінде*) жазылған брошюралар қаламыздың орталық көшелерінде тұрғындарға таратылып, ауызша ақпарат берілді. Аталған акция бірнеше мәрте өткізіліп, қаламыздың басым көпшілік тұрғындарын ақпараттандырылған болатын.

Жалпы елді мекендерге тарихи атауын қайтару мен ертеден қалыптасып қалған атауларды өзгерту жұмыстары бір ғана мемлекеттік органның

қолынан келетін іс емес. Сондықтан атқарылып жатқан жұмыстардың бәрі осындай насихат жұмыстарымен қатар зиялы қауым мен ғалымдардың, өлкетанушылар мен елге сыйлы азаматтардың қолдауымен жүзеге асырылып келеді. Солардың ішінде бүгін біздің арамызда отырған ғұлама ғалым, тіл жанашыры, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты **Алтынбек Нұхұлы** ағамыз. Осы ағамыздың қолдауымен өңіріміздегі бірнеше елді мекендерге тарихи атаулары қайтарылып, көптеген көше атаулары ұлы тұлғалардың есімдерін иеленді. Елордамыздың төрінде бой көтерген академик Қаныш Сәтбаевтың ескерткіші де осы ағамыздың бастамасымен болған игі іс десем асыра айтқаным емес. Сондық ағамызға барша Ертіс-Баян өңірі азаматтарының шексіз алғысын жеткіземін.

Өздеріңізге белгілі Павлодар өңірі өзге этнос өкілдері көп шоғырланған мекендердің бірі. Сондықтан елді мекендер мен көше атауларын өзгерту жұмыстары алдын ала барынша жоспарланып, сарапталып, жан-жақты пысықталып барып жүзеге асырылады. Ол үшін атқарушы органдар тарапынан атауы өзгертілетін елді мекеннің жағдайына, ұлттық құрамына анализ жасалады.

Егер қайта атау жұмыстарына жергілікті тұрғындар тарапынан, оның ішінде өзге ұлт өкілдерінен наразылық туындау қауіпі күтілген жағдайда ассамблея ұйымын іске тарту үрдісі жолға қойылған. Солардың ішінде Павлодар облысының топонимдерін зерттеуші, танымал өлкетанушы Эрнест Соколкин сияқты елге беделді азаматтар да бар.

Сондай-ақ ономастика бағытындағы жұмыстарды дау-дамайсыз жүргізу және бастаған шаруаны аяғына дейін жеткізу ең бастысы сол саланың жауапты мамандарына да тікелей қатысты. Бұл ретте Басқарма тарапынан қала, аудан мамандарына арналған семинарлар жыл сайын өткізіліп тұрады. Шара барысында қордаланған мәселелермен қатар, өңір мамандарының атқарған жұмыстары талқыланып, ынталандыру мақсатында қайта атау жұмыстары тұрғысында жоғары нәтиже көрсеткен мамандарды марапаттау да дәстүрге айналған. Сонымен қатар ономастика жұмыстарын сауатты жүргізу үшін қажетті әдістемелік құралдар әзірленіп, барлық мамандарға табысталған.

Баяндалған жұмыстардың нәтижесінде осы жылы мораторийге дейін Павлодар қаласының 17 көшесін қайта атау мәселесі Республикалық ономастика комиссиясында оң қорытындыға ие болса, осылардан өзге 5 елді мекен мен оларға қарасты 202 көше атауын өзгерту мәселесі арнайы өткізілген қоғамдастық жиналыстарында жергілікті тұрғындар тарапынан қолдау тапты. Келесі кезекте осы елді мекендер мен құрамдас бөліктері облыстық ономастика комиссиясында қаралмақ. Осылардың ішінде Алаш қайраткерлерімен қатар тәуелсіздік алу жолында жандарын құрбан еткен Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат

Асанова сынды желтоқсаншылар да ескерілген. Сондай-ақ жазушы Рамазан Тоқтаров пен қоғам және мемлекет қайраткері Сержан Қанапияновтың есімдерін ұлықтау да Басқарманың жіті бақылауында.

Алдағы уақытта осы және өзге де жұмыстар тиісті нормативтік актілер мен Республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасы» негізінде өз жалғасын табатын болады.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылғы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

**Батыс Қазақстан облысының кейбір білім беру ұйымдарына
атау беру және олардың атауларын өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Абай есімі берілсін.

2. Батыс Қазақстан облысындағы мынадай білім беру ұйымдарының атаулары өзгертілсін:

1) «Дариян мектеп-гимназия-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Абай атындағы мектеп-гимназия-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Трекин жалпы орта білім беретін қазақ мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Қадыр Мырза Әлі атындағы жалпы білім беретін қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Первосоветск жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Шапов жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Батурин жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Талғат Бигелдинов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Новенький жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Қасым Қайсенов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Ульянов жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Бәйтерек ауданының білім беру бөлімі Ілияс Есенберлин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің «Белогор негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің «Ақтау ауылының негізгі білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің «Полтава негізгі орта білім беретін мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің «Ардақ ауылының негізгі білім беретін орта мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылғы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

О присвоении наименования и переименовании некоторых организаций образования Западно-Казахстанской области

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Присвоить коммунальному государственному учреждению «Управление образования акимата Западно-Казахстанской области «Областная специализированная школа-гимназия-интернат для одаренных детей» имя Абая.

2. Переименовать следующие организации образования Западно-Казахстанской области:

1) коммунальное государственное учреждение «Дарьинская школа-гимназия-интернат» в коммунальное государственное учреждение «Школа-гимназия-интернат имени Абая»;

2) коммунальное государственное учреждение «Трекинская казахская средняя общеобразовательная школа отдела образования района Бәйтерек» в коммунальное государственное учреждение «Казахская средняя общеобразовательная школа имени Кадыра Мырза Али отдела образования района Бәйтерек»;

3) коммунальное государственное учреждение «Первосоветская средняя общеобразовательная школа отдела образования района Бәйтерек» в комму-

нальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Шокана Уалиханова отдела образования района Бәйтерек»;

4) коммунальное государственное учреждение «Щаповская средняя общеобразовательная школа отдела образования района Бәйтерек» в коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Бауыржана Момышулы отдела образования района Бәйтерек»;

5) коммунальное государственное учреждение «Батурина средняя общеобразовательная школа отдела образования района Бәйтерек» в коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Талгата Бигелдинова отдела образования района Бәйтерек»;

6) коммунальное государственное учреждение «Новеньская средняя общеобразовательная школа отдела образования района Бәйтерек» в коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Касыма Кайсенова отдела образования района Бәйтерек»;

7) коммунальное государственное учреждение «Ульяновская общеобразовательная средняя школа отдела образования района Бәйтерек» в коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная средняя школа имени Ильяса Есенберлина отдела образования района Бәйтерек»;

8) коммунальное государственное учреждение «Белогорская основная средняя образовательная школа» отдела образования акимата Чингирлауского района в коммунальное государственное учреждение «Основная средняя образовательная школа села Ақтау» отдела образования акимата Чингирлауского района;

9) коммунальное государственное учреждение «Полтавская основная средняя образовательная школа-сад» отдела образования акимата Чингирлауского района в коммунальное государственное учреждение «Основная средняя образовательная школа-сад села Ардак» отдела образования акимата Чингирлауского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Мамин

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылғы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

Исх. № 532 от 06.08.2021, Вход № Д-1788//532 от 06.08.2021

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
кейбір мәселелері туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Салидат Қайырбекованың есімі берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының атауы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) болып өзгертілсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысына енгізілетін тиісті өзгерістерді бекітуге ұсынуды;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамында кәсіпорынды мемлекеттік қайта тіркеуді;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар» деген бөлімде: реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы».

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин

Подпись канцелярии

06.08.2021 12:59 АХМЕТОВА АСЕЛЬ

Подпись руководителя

06.08.2021 12:59 МАМИН АСКАР

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылғы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

Исх. № 532 от 06.08.2021, Вход № Д-1788//532 от 06.08.2021

О некоторых вопросах Министерства здравоохранения Республики Казахстан

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», подпунктом 4) статьи 11 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Присвоить республиканскому государственному предприятию на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр развития здравоохранения» Министерства здравоохранения Республики Казахстан имя Салидат Каирбековой.

2. Переименовать республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр развития здравоохранения» Министерства здравоохранения Республики Казахстан в республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальный научный центр развития здравоохранения имени Салидат Каирбековой» Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее – предприятие).

3. Министерству здравоохранения Республики Казахстан в установленном законодательством Республики Казахстан порядке обеспечить:

1) представление на утверждение в Комитет государственного имущества и

приватизации Министерства финансов Республики Казахстан соответствующих изменений в устав предприятия;

2) государственную перерегистрацию предприятия в некоммерческом акционерном обществе «Государственная корпорация «Правительство для граждан»;

3) принятие иных мер, вытекающих из настоящего постановления.

4. Внести в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 февраля 2017 года № 71 «О некоторых вопросах министерств здравоохранения и национальной экономики Республики Казахстан» следующее изменение:

в Положении о Министерстве здравоохранения Республики Казахстан, утвержденном указанным постановлением:

в перечне организаций, находящихся в ведении Министерства здравоохранения Республики Казахстан и его ведомств:

в разделе «1. Государственные предприятия на праве хозяйственного ведения»:

строку, порядковый номер 5, изложить в следующей редакции:

«5. Национальный научный центр развития здравоохранения имени Салидат Каирбековой».

5. Настоящее постановление вводится в действие со дня его подписания и подлежит официальному опубликованию.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Мамин

Подпись канцелярии
06.08.2021 12:59 АХМЕТОВА АСЕЛЬ

Подпись руководителя
06.08.2021 12:59 МАМИН АСКАР

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылғы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

№ исх: 315 от: 13.05.2021

№ вх.669//315 от: 14.05.2021

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің
кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институты» мемлекеттік мекемесінің атауы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы» мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

17-бөлімде:

мына:

«	17. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	24 812	»
---	---	--------	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 17.	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	25 306	»
-------	---	--------	---

мына:

« 17.1	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	21 662	»
--------	---	--------	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 17.1	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	22 156	»
--------	---	--------	---

мына:

« 3)	Көкшетау техникалық институты	304	»
------	-------------------------------	-----	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 3)	Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы	304	»
------	--	-----	---

мына:

« 5)	Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі	18 833	»
	оның ішінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері	17 037	

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

« 5)	Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі	19 327	»
	оның ішінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері	17 531	

2) «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы

23 қазандағы № 701 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы.».


3. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылығы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

№ исх: 315 от: 13.05.2021

№ вх.669//315 от: 14.05.2021

**О некоторых вопросах Министерства по чрезвычайным ситуациям
Республики Казахстан**

Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Переименовать государственное учреждение «Кокшетауский технический институт Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан» в государственное учреждение «Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан».

2. Внести в некоторые решения Правительства Республики Казахстан следующие изменения:

1) в постановлении Правительства Республики Казахстан от 15 апреля

2008 года № 339 «Об утверждении лимитов штатной численности министерств и иных центральных исполнительных органов с учетом численности их территориальных органов и подведомственных им государственных учреждений»:

в лимитах штатной численности министерств и иных центральных исполнительных органов с учетом численности их территориальных органов

и подведомственных им государственных учреждений, утвержденных указанным постановлением:

в разделе 17:

строку:

«	17.	Министерство по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан с учетом его территориальных органов и подведомственных ему государственных учреждений, в том числе:	Ре-	24 812	»
---	-----	--	-----	--------	---

изложить в следующей редакции:

«	17.	Министерство по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан с учетом его территориальных органов и подведомственных ему государственных учреждений, в том числе:	25 306	»
---	-----	--	--------	---

строку:

«	17.1	государственные учреждения, подведомственные Министерству по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан, в том числе:	21 662	»
---	------	--	--------	---

изложить в следующей редакции:

«	17.1	государственные учреждения, подведомственные Министерству по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан, в том числе:	22 156	»
---	------	--	--------	---

строку:

«	3)	Кокшетауский технический институт	304	»
---	----	-----------------------------------	-----	---

изложить в следующей редакции:

«	3)	Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина	304	»
---	----	---	-----	---

строку:

«	5)	Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ,	18 833	»
		в том числе сотрудники органов государственной противопожарной службы	17 037	

изложить в следующей редакции:

«	5)	Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ,	19 327	»
		в том числе сотрудники органов государственной противопожарной службы	17 531	

2) в постановлении Правительства Республики Казахстан от 23 октября 2020 года № 701 «Вопросы Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан»:

в Положении о Министерстве по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан, утвержденном указанным постановлением:

в перечне государственных учреждений, находящихся в ведении Министерства и его ведомств:

пункт 4 изложить в следующей редакции:

«4. Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан.»

3. Министерству по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан в установленном законодательством порядке принять меры, вытекающие из настоящего постановления.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня его подписания.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Мамин

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылғы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қабанбай батырдың есімін беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қабанбай батырдың есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылғы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

О присвоении имени Кабанбай батыра коммунальному государственному учреждению «Областная специализированная военная школа-интернат» управления образования Павлодарской области, акимата Павлодарской области

В соответствии с подпунктом 4-1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 марта 1996 года № 281 «Об утверждении Правил присвоения наименования аэропортам, портам, железнодорожным вокзалам, железнодорожным станциям, станциям метрополитена, автовокзалам, автостанциям, физико-географическим и другим объектам государственной собственности на территории Республики Казахстан, а также переименования, уточнения и изменения транскрипции их наименований и присвоения собственных имен лиц государственным юридическим лицам, юридическим лицам с участием государства» Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Присвоить имя Кабанбай батыра коммунальному государственному учреждению «Областная специализированная военная школа-интернат» управления образования Павлодарской области, акимата Павлодарской области.

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Мамин

МАЗМҰНЫ

ҚР Мәдениет және спорт вице- министрі Н.Дәуешовтың Жамбыл облысы Тараз қаласында өткен «Ұлттық ономастика: Ізденіс пен тәжірибе» атты республикалық семинарда сөйлеген сөзі.....3

КӨКЕЙКЕСТІ

Қ.Сапаров, А.Нұрпейісова. Торғай өңірінің гидронимдерін зерттеудің географиялық негіздері9

ТАЛҚЫ

Ж.Ағабекова, С.Жайлау. Қазақстанның агиотопонимдері.....19

А.Әділова. Қазақ көркем мәтіндеріндегі прецедентті атаулар.....29

КӨЗҚАРАС

З.Тайшыбай. Қызылжар: Жүз жыл бұрын қайда едің?.....39

Т.Аршабеков. Тарихи атаулар-ұлт болмысы47

МИРАС

С.Қаңтарбаева. Ономастика саласында ақпараттық -насихат жұмыстарын тиімді ұйымдастыру.....54

С.Бегалинова. Ономастика саласында атқарылатын жұмыстарды тиімді ұйымдастыру.....59

РЕСМИЕТ

Республикалық ономастика комиссиясының шешімі.....64

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

ИП «ЕРНАЗАР»

Бас редактор **С.Жайлау**
Корректор **А.Әлайдар**
Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қонаев көшесі, 14/3,
Тел.: 8 (7172) 50-82-33
Zhaylauovas@mail.ru

Беттеуге берілген күні 19.11.2021 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 7.12.2021 ж.
Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$
Шартты баспа табағы 6,5.